



АЗАМАТТАРДЫҢ  
СОТҚА ДЕГЕН СЕНИМІН  
АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

2-бет



МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
УНИВЕРСИТЕТТЕР  
ҚҰРУ КЕРЕК

10-бет



КОРОНАВИРУС –  
ЭТО ВАРИАНТ  
«МАЙН КАМППА»  
В НОВОЙ РЕДАКЦИИ?  
ВЕРСИЯ ОЛЖАСА  
СУЛЕЙМЕНОВА

15-бет

# ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №42 (912) 09.11.2020 жыл



## «ҚАРАБАЛИНА АПАЙ КЕЛЕ ЖАТЫР»...

немесе Бауыржан Момышұлының  
бірінші келіні атанған белгілі  
қаламгер-ұстаз Орынша Қарабалина-  
Қазыбаева туралы ойтолғау

Иә, Орынша Жолмұратқызын педагогтардың ішіндегі тұлға дәрежесіндегі деңгейге көтерілген ұстаз десек, артық айтқандық емес. Және де осы айтқанымыздың ар жағында тынымсыз еңбектің ғана емес, тектіліктің де тамыры тереңде жатқанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін.

8-9  
бет

«АҚ ЖОЛ»:

# ЖОЛДАУДЫ ОРЫНДАМАҒАН КІНӘЛІЛЕРДІ ЖАЗАҒА ТАРТУ КЕРЕК



Естеріңізге сала кетейік, «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы биылғы жылдың наурыз айынан бастап Үкіметке, Ұлттық Банкке және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне несиелерді жай ғана кейінге қалдырудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ банктердің өз қалауы бойынша несиелерді шегіндіретіні туралы бірнеше рет сауал қойған болатын.

Біз несиелерді белгілі мерзімге ұзартқанымен, қалған кезеңде жинақталған төлемдерді өтеу қажеттілігінің туындайтынын, бұл бизнесті жеңілдетудің орнына олардың борыштық жүктемелерінің күрт өсуіне алып келетінін бірнеше рет ескерткен болатынбыз.

Биылғы жылдың 13 тамызында біз дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде қабылданған жаңа төмендетілген несиелік мөлшерлемелер бойынша қолданыстағы несиелерді бұрынғы борыштық жүктемелерді көшірмей қайта қаржыландыруды ұсындық.

5  
бет

## ШЫМКЕНТ – ШОҚТЫҒЫ БИІК ШАҒАР

– Шымкент қаласы – ірі өнеркәсіптік орталық. Өңірдің өнеркәсіптік өндіріс саласының дамуы ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарына сәйкес жүзеге асырылып келеді. Қала өнеркәсібінің құрылымында тамақ, мұнай өңдеу, фармацевтика, металлургия, құрылыс материалдар өндірісі, жеңіл машина жасау, химия салалары басым дамыған.

6  
бет

## РК: КОНФЛИКТ «АРАБСКОГО» И «СТЕПНОГО» ИСЛАМА

На телеканале Казахстан стартовала новая авторская программа «Talim Trend» («тәлім» с казахского – пример, урок, назидание), которуу бюджет вести директор канала «Асыл арна» Мухамеджан Тазабек. Сам телеканал не поделился подробностями о передаче, и зрители не знали, о чем она будет повествовать. Эта новость вызвала бурное обсуждение в социальных сетях, а также в некоторых СМИ.



## АНА ЖҮРЕГІНДЕГІ АРМАН

11  
бет

# АЗАМАТТАРДЫҢ СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМІН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Жоғарғы сотының төрағасы Жақып Асановты қабылдады. Қазақстан Президентіне сот жүйесіне әкімшілік әділет механизмін енгізу барысы жайында мәлімет берілді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевқа жаңа судьяларды іріктеу жүйесін жақсартуға, сот практикасының бірізділігін қамтамасыз етуге және сот ісін жүргізу сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар жөнінде айтылды.

Жақып Асанов биылғы жылдың 30 қазан күні онлайн форматта өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің жоғарғы сот төрағаларының 15-ші кеңесінің қорытындылары туралы мәлімет берді. Президент қылмыстық



процесте айыптаушы мен қорғаушы тараптар арасында нақты жарыссөзді қамтамасыз ету мәселесіне назар аударды. Сонымен бірге азаматтардың, кәсіпкерлер мен инвесторлардың сотқа деген сенімін арттыру сот төрелігі жүйесінің басты басымдығы екенін еске салды.

Ж.Асановтың Президентінің алдында есеп беруі бұл бірінші рет

емес. Мемлекет басшысына берген құрғақ есептен сот саласының жұмыс сапасы артып кетті деп айту қиын. Тұрғындар тарапынан жер-жерлердегі соттың әділетсіз шешімдеріне орай арыздар қарша борап жатқаны белгілі. Мемлекет басшысы әлденеше талап еткендей, азаматтардың еліміздегі сот саласына деген сенімі қашан қалыптасар екен?..

## ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЗАҢ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму комитеті депутаттары «Қоғамдық бақылау туралы» заң жобасының тәсілдері мен ережелерін талқылады. Кездесуге Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева қатысты.

Кездесу барысында қоғамдық бақылауды заңнамалық бекіту мәселелері бойынша негізгі тәсілдер талқыланды. Аида Балаева қоғамдық бақылау институтын атап өтіп, оған құқықтық жағдайлар жасау азаматтардың барлық сындарлы сұраныстарына жедел және тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бойынша пәрменді шаралардың бірі болатынын жеткізді. Болашақ заң жобасының мақсаты - қоғамдық бақылау жүйесінің құқықтық негізін, сондай-ақ азаматтарға қоғамды одан әрі дамыту үшін мүмкіндіктер тудыру. Заң жобасының міндетіне

бірыңғай ұғымдық аппаратты қалыптастыру, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру қағидаларының жүйесін белгілеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қоғамдық күш-жігерді біріктірудің құқықтық тетіктерін жасау, сондай-ақ қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілерінің функцияларын, өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындау болып табылады. Кездесу барысында «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрағасы Айгүл Соловьева, «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ президенті Бану Нұрғазиева, «Ұлт тағдыры» ҚБ төрағасы Досмахамбет Көшім және «Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық Халықаралық бюро» ҚБ директоры Евгений Жовтис, саясаттанушы, мемлекет және қоғам қайраткері Айдос Сарым, «Eurasian Expert Council» ҚБ басшысы Шыңғыс Лепсібаевтар өз пікірлерін білдірді.

## САЙЛАУҒА ҚАНДАЙ ПАРТИЯЛАР ҚАТЫСАДЫ?

ҚР Парламенті Мәжілісінің мандаттары үшін сайлауға 6 саяси партия түсетін болды. Бұл туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Асылбек Смағұлов мәлімдеді.

Оның айтуынша, саяси партиялар Мәжіліске әрбір кандидаты үшін 637 мың теңге жарна енгізеді «ҚР «Сайлау туралы» конституциялық заңының 12-бабы 2-1-тармақшасына сәйкес, Орталық сайлау комиссиясы саяси партияларды партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарын және мәслихаттар депутаттарын сайлауға қатысуға жіберу туралы мәселені қарайды. ҚР «Сайлау туралы» конституциялық заңының



87-бабы 1-тармағына және 103-бабының 1-тармағына сәйкес партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттығына және мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну құқығы белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға тиесілі», - деді ол

Орталық сайлау комиссиясы отырысында. Әділет министрлігі ұсынған ақпаратқа сәйкес, елімізде 6 саяси партия тіркеліп, жұмыс істеуде. «Оларды қайта құруға немесе таратуға уәкілетті органдар тарапынан құқықтық негіздер жоқ. Демек, Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауына осы тіркелген саяси партияның барлығы жіберіледі», - деді Асылбек Смағұлов. Сонымен, партиялық тізімдер бойынша сайланатын ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауға жіберу туралы қаулыға сәйкес: - «Ақ жол», «Ауыл», «Бірлік», «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы». «Қазақстанның коммунистік халық партиясы», «Nur Otan партиясы» қатысатын болады.

## ТАЗА НИЕТ ҚАНА ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЕҢЕ АЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев аясында Рудный қаласының жұртшылығымен кездесті.

Алик Шпекбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер туралы, елде жүргізіліп жатқан жемқорлыққа қарсы саясат және қабылданып жатқан алдын алу шаралары туралы егжей-тегжейлі баяндады. Агенттік төрағасы басшылардың қарамағындағы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлығы үшін жауап беретінін еске салды. Айта кетейік, осы жылдың қыркүйек айында Рудный қаласының әкімі Б.Ғаязов Қашар кентінің әкімінің жемқорлық қылмысы үшін қызметінен босатылған еді. «Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама әр басшыға жоғары талаптар қойып отыр. Сіздер тұтас мемлекеттік



органның жұмысы тазалық пен парасаттылыққа бағытталуға байланысты екенін жете түсінулеріңіз қажет. Сондықтан басшылардың жемқорлыққа жол ашатын кез келген жағдайды жою бойынша белсенді әрекет жасауы маңызды. Бұл үшін барлық құралдар бар. Ең бастысы - шынайы ниетті болуы», - деді ол. Қоғамдық ұйымдар өкілдеріне арнаған сөзінде Алик Шпекбаев мемлекеттік органдардың жұмысын трансформациялауда азаматтардың рөлі мен қоғамның белсенділігі артып келе жатқанын атап өтті.

## ЖАЛАҚЫ ЖЫРЫ ЖАЛҒАСУДА

Елімізде 3 мың жұмысшы 1 млрд. теңгеден астам жалақысын ала алмай отыр. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминге депутаттық сауал жолдаған сенатор Андрей Лукин айтты.

Сенатордың айтуынша, еліміздегі 50 кәсіпорында еңбек етіп жүрген жұмысшыларға төленбеген жалақының жалпы сомасы 530 миллион теңгеден асып кеткен. Сондай-ақ 190 қызметкер жұмыс істейтін 16 кәсіпорынның қарызы 115 млн. теңгені құрайды. Оны болашақта да төлеу мүмкін емес көрінеді. Ал 1300-ден астам адамды жұмыспен қамтыған, әйтсе де жалақы қарызы жарты миллиард теңгеге жеткен тағы 34 кәсіпорынның еңбекақы төлеуге мүмкіндігі бар екені белгілі болып отыр.

«Әлеуметтік шиеленістер мен еңбек қатығастарының қаупін бақылау мүмкіндігін қарастыру, әр кәсіпорын үшін әлеуметтік тұрақтылық индексін анықтау, оларды шешудің нақты шараларын әзірлеумен әр проблемалы кәсіпорынның жағдайын бағалау және жұмыс істеп тұрған қала құраушы әрі ірі кәсіпорындарға айрықша көңіл бөлу керек. Олардың жағдайы аймақтардағы саяси-әлеуметтік ахуалға әсер етеді», - деді Андрей Лукин. Сенатор жұмысшылардың жұмыспен қамтылуын бақылау, сондай-ақ жалақы бойынша берешектің өсуіне жол бермеу үшін еңбек келісімшарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесін қолдану қажет дейді.

## ЕСКІДЕН ЖЕТКЕН ЕСТІ ҮРДІС

Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының ұжымы қызметкерлер арасында дене жаттығуын өткізу туралы бастамаға қолдау білдірді.

Бастаманы қолдаушы Сәдуақас Байғабылов: «Жаттығуды біз орталығымыздың кең дәлізінде, әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып жасаймыз. Оған орталық қызметкерлері, жас ерекшеліктеріне қарамастан ерікті түрде жиналады. Көбіне жаттығуды өзім жүргіземін. Күнде түрлі қимыл-қозғалыстар жасаймыз», - дейді. Жұмыс уақыты басталар алдында 10 минут дене жаттығуын жасау адамды сергітіп, еңбек қабілеттілігін арттыратынына олар сенімді. Кеңседе бір орында тапжылмай отырып, жұмыс істеу денсаулыққа кері әсерін де тигізеді. Мәселен, омыртқа қисаяды, мойынның қан тамырлары білеулենеді, жүйке аурулары пайда болады. Сондықтан, буынды жазып, қан айналымын жақсарту үшін жаттығуды 10 минут бөлген дұрыс. Әрі бұл жаңашылдықты ең алдымен қол астындағы қызметкерлерінің денсаулығын ойлайтын әр басшы қолдауы тиіс деген пікірде орталық өкілдері. Бұл бүгінгі бастама кеңестік кезеңде кенінен қолданылған болатын. Еске сала кетейік, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 28 қазандағы бұйрығы бойынша дене жаттығуымен шұғылданудың үлгілік қағидалары бекітілген болатын. Ережеге сәйкес, дене шынықтыру жаттығулары жұмыс күнінің бірінші жартысында орындалып, ұзақтығы 10-15 минуттан аспауы тиіс.

## АҚЖОЛДЫҚТАР САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚТЫ БАСТАДЫ

Мәжіліс пен жергілікті мәслихат сайлауына еліміздегі тіркелген алты партия әзірлікті бүгінгі өзінде бастап кетті. Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының сайлауалды құрылтайы былғы жылдың 20 қарашасында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін болды.

«Ақ жол» демократиялық партиясының филиалдары төрағаларының қатысуымен өткен партияның Орталық Кеңесінің пленумында осындай шешім қабылданды. Отырысты онлайн режимде партия төрағасы Азат Перуашев өткізді.

«Құрылтайдың өтетін орны мен күн тәртібіне қатысты ұсыныстарды дайындауды партияның орталық аппаратына тапсырамыз. Алдағы құрылтайдың форматы коро-

навирусқа, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты таңдалады. Филиалдарға сайлауалды бағдарлама жобасы жіберіледі. Өз ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды дайындауды сұраймын» - деді Азат Перуашев. Сондай-ақ, Орталық Кеңес құрылтай күн тәртібінің үш мәселеден тұратын жобасын бекітті. Олар: Партияның Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауына қатысуы туралы, партиялық тізімдерді бекіту туралы, партияның сайлауалды бағдарламасының жобасы туралы. «Партия басшылығы 24/7 режимінде «non-stop» жұмыс тәртібіне көшті, сондықтан бәріңіздің байланыста болып, ағымдағы және ұйымдастырушылық мәселелерді жедел шешулеріңізді сұраймын», - деді Азат Перуашев партиялас әріптестеріне.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында білім берудің сапасын, педагогтардың беделін көтеруді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу жұмыстарын жандандыруға көңіл бөлуді тапсырған болатын. Біз Шымкент қаласы Білім басқармасының басшысы Жанат Арысбекқызы ТӘЖИЕВАМЕН мегаполисте білім саласындағы сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге бағытталған жұмыстар туралы әңгімелескен едік.

— Миллиондық қалада қанша білім мекемесі бар?

— Қалада жаңа оқу жылы 752 білім беру мекемелерінде 330 мыңнан астам білім алушылармен бастап отыр. 2020 жылы Шымкент қаласында 15 білім нысандарының құрылысы салынуда. Нәтижесінде жыл соңында

еңбектеріңіз үшін барлықтарыңызға алғысымды білдіргім келеді», — деп ұстаздардың еңбегін жоғары бағалаған болатын.

Сондай-ақ, білім саласының басшыларына жаңа оқу жылында барлық білім беру ұйымдарында санитарлық талаптардың сақталуын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері



# ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУДЫРАТЫН ЖӘЙТТЕР ЗЕРДЕЛЕНДІ

дейін 10 білім нысанының (6-жана құрылыс, 4-қосымша құрылыс) құрылысын пайдалануға тапсыру жоспарлануда. Ал, қалған 5 білім нысанының құрылысы 2021 жылы да жалғасады. Сонымен қатар, 36 мектепке ішкі әжетханалар орнату мәселесі шешіліп, 148 мектеп 100 пайыз бейнебақылау камерасымен қамтамасыз етілді. Бұл оқушылардың қауіпсіздігі және гигиенасы үшін қажеттіліктен туындаған шара.

— Дүниежүзілік пандемияға байланысты салада жұмысты қалай ұйымдастырудасыздар?

— Шымкент қаласының білім саласы педагогтарының он мыңдай адам қатысқан онлайн өткен Тамыз конференциясында шаһар басшысы Мұрат Дүйсенбекұлы Әйтенов: «Елімізде алғаш рет балалар жаңа оқу жылын қашықтан оқумен бастауда. Қашықтан оқу барысында көптеген қиыншылықтарға қарамай ұстаздарымыз үнемі іздене отырып, бірлігімен, белсенділігімен, жауапкершілігімен қала абыройын асқақтата білді. Бірлесе атқарған

орын алатын барлық қызметті цифрландыруды сапалы жүргізуді тапсырған еді.

— Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес қалай жүргізілуде?

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес барынша жүйелі сипат алуға. Жемқорлықтың пайда болу себептеріне көбірек назар аударылып, алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Енді жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың нормативтік актілері мен жұмыс үдерісіне жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан арнайы талдау жүргізген жөн» деген болатын.

Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық, паракорлықпен күресіп, педагог мәртебесін көтеру мен беделін арттыру бағытында да мегаполисте елеулі жұмыстар атқарылуда. Шымкентте педагог кадрларды жұмысқа қабылдаудың жаңа жүйесі енгізілді. Білім ұйымдарының қызметкерлерін

жұмысқа қабылдау бойынша «HR-Process» бұл мәселені түбегейлі шешпек. Яғни, білім саласының кадрларын іріктеудің автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі электронды нұсқаулықтар арқылы жүзеге асырылады. «HR-Process» жүйесі педагогикалық бос орынға өтініш беру және өңдеу барысын автоматтандыруға, үміткерлер мен бос орындардың деректер қорын құруға, сонымен қатар, заманауи ақпараттық технологияларды қолдану негізінде педагогикалық құрамды іріктеу процесінің тиімділігін арттыруға арналған. Нәтижесінде педагогтардың жұмысқа тұруына байланысты жең ұшынан жалғасу, сыбайлас жемқорлық сияқты келеңсіздіктердің жолы кесілетін болды.

Білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық тудыратын өзекті мәселелер толығымен зерделенді. Бүгінгі таңда білім беру саласындағы 34 мемлекеттік қызметтің 30-ы автоматтандырылған. Алайда, білім беру ұйымдарының басшыларын

конкурстық тағайындау, мұғалімдерді жұмысқа қабылдау, аттестаттау мәселелері әлі күнге дейін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алатын көлеңкелі тұстары болып отыр.

Осы уақытқа дейін білім басқармасы мектепке дейінгі ұйымдарға мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін автоматтандырды. Нәтижесінде, балабақшаларға жолдама алу және ауыстыру мәселесі шешілді. Бір кездері бұл мәселеде сыбайлас жемқорлық қауіптерінің бірі болғаны белгілі.

Шымкент қаласының әкімдігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігімен бірлесе отырып, білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру жоспарын іске асырудың арнайы жол картасын дайындады. Ашықтықты, тазалықты, айқындықты қалыптастыру мақсатында автоматтандырылған қызметке көшіру төмендегіше жоспарланды:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы жан басына

қаржыландырудағы тазалықты қалыптастыруда ваучерлік қаржыландыруды жүзеге асыру.

2. Бүгінгі таңда Шымкент қаласында қоғамдық көліктерде электронды картамен жүру жобасы енгізілуде.

Аталған карта көмегімен мектептердегі міндетті әлеуметтік төлемді алатын оқушылар бір мезгіл ыстық тамақ үшін мектеп асханаларындағы арнайы терминалдармен төлем құжат ретінде есептесетін болады. Оқу орындарындағы асханалар бірнеше жылға МЖӘ (Мемлекеттік жекеменшік әріптестік) жүйесіне өтеді, бұл ата-аналар, студенттер және кәсіпкерлер үшін өте ыңғайлы. Нәтижесінде, мектеп асханаларындағы сыбайластыққа жол берілмейді.

3. Білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау, мұғалімдерді жұмысқа қабылдау, аттестаттау мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлық қатерін болдырмау мақсатында автоматтандырылған электрондық қызметтер көрсететін жобалар дайындалды. Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары «Адалдық алаңы» жобасы аясында 100% бірінші қабатқа көшті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру үшін 7-9 сынып оқушыларында 77 260 баланы қамтыған «Адал Ұрпақ» клубы ашылған. Колледж деңгейінде академиялық адалдық пен олардың қызметінің қағидасын нығайтуға бағытталған «Саналы Ұрпақ» жобасы жүзеге асырылуда. Беделді қоғам құру үшін қаланың барлық мектептері мен колледждерінде сатушылары жоқ «Адалдық дүкені» ашылған.

Аталған жобалардың басты мақсаты — жас ұрпақты адал, саналы етіп тәрбиелеу арқылы сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу, жемқорлық пен паракорлыққа деген жас ұрпақтың жеккөрушілігін, төзбеушілігін тәрбиелеу болып табылады.

— Әңгіменізге рахмет.

Аманғали ӘБУОВ

## SPORT

# САЛАУАТТЫЛЫҚҚА БЕЙІМДЕУГЕ КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында жас ұрпақтың тәлімді тәрбие, сапалы білім алуы мен денсаулығын қамту бойынша қамтамасыз ету бойынша тапсырмасына сәйкес Шымкент қаласында қосымша білім беру мекемелері, басқа да үйірмелер мен секциялардың санын арттырып, жұмыс сапасын көтеру бағытында нақты жұмыстар атқарылуда. Оған қоса, жас ұрпақтың дені сау, салауатты өмірге бейім болып өсуі үшін Шымкент қаласында бұқаралық спортты дамытудың концепциясы жасалатын болды.

Статистикалық мәліметке сай қалада дене шынықтыру және спортпен тұрақты түрде шұғылданышылар саны 294 мың адамға жеткен. Оның басым бөлігін жастар құрайды. Президент тапсырмасына сай қала халқының 30 пайызын тұрақты бұқаралық спортпен қамту үшін мегаполисте спорт нысандарының санын көбейту қолға алынған.

Қалада 856 спорттық нысан тіркелген. Одан өзге, спорт алаңшаларын салуға 95 жер телімі белгіленген. Олар негізінен қаланың шеткері жатқан шаһар елді мекендерінен салынбақ. Қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олег Почиваловтің айтуынша, 1-қарашадан бастап аллеяларда жаппай спорттық жаттығулар ұйымдастырылатын болады. Уақыты таңғы 07.30-да және кешкі 18.30-ға белгіленген. Халық көп жиналатын спорт алаңдары ретінде Абай саябағы, Металлургшілер саябағы, Отбасы аллеясы, Қошқар-Ата жағалауы, Тәуелсіздік саябағы, Орталық саябағы, Жеңіс саябағы, Дендросаябақ, «Нүрсәт» шағын ауданындағы аллея және Қажымұқан атындағы Орталық стадион таңдалған. Бұл шымкенттіктердің

бұқаралық спортпен шұғылданып, салауатты өмір сүруіне жасалып отырған нақты шаралар.

Бұқаралық спортпен неғұрлым көп адамды қамту үшін жеткіншектердің спортқа құмарлығын жастайынан оятып, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу кеңестігі белгілі. Ол үшін көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларынан спорттық алаңшаларды көптеп салу керек. Шымкент қаласында бұл іс 2014 жылдан бері жоспарлы түрде жүзеге асырылып, жалпы 4 243,2 млн. теңгеше 222 аула абаттандырылып, 58 спорт алаңшасы салынған еді.

Ал биыл және келесі жылдары 107 аулаға ойын алаңшаларын, 48 спорт алаңшасын салуға, 42 спорт алаңшаларын ағымдағы жөндеуге және 36 көпқабатты тұрғын үй аулаларын абаттандыру жүзеге асырылмақ. Яғни, салауатты өмір салтына, бұқаралық спортқа ұрпағымызды кішкентай кезінен баулу арқылы спорттың бұқаралығын арттырумен қатар еліміздің ересек азаматтарының дені сау, салауатты өмір сүретіндерінің санын да арттыру мақсат етіліп отыр.

Салауаттылықты жас ұрпақ бойына сіңіру мектеп қабырғасында жаппай жүзеге асырылуы

балалардың есейгенде салауаттылықты өмірлік әдетіне айналдыруына әсер етеді. Қаладағы спорт үйірмелеріне барады екен. Одан өзге, 147 жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептерде түрлі спорттық секциялар мен үйірмелер ашылып, оған 62 071 оқушы тартылған. Оқушылардың арасында спорттық секцияға және қосымша білім беру үйірмесіне қатар қатысып жүргендері де баршылық. Олардың басым бөлігі жастайынан өзінің уақытын тиімді пайдалануды әдетіне айналдырған жеткіншектер. Түске дейін мектептің сабағымен шұғылданса, түстен кейін спорттың бір түрімен айналысу үшін секцияға барып, одан шыққан соң пәндік үйірмеге қатысады. Бұл — жасөспірімнің салауатты өмір сүруінің көрінісі. Олар есейе келе, бүкіл өмірінде осылай салауаттылықты өз өмірлерінің дағдысына айналдырып еліміздің атпал азаматтарына айналып өсуі үшін спорттық секцияларға тартыла, тәрбиелі де білімді болып өсуі үшін алуан түрлі пәндік үйірмелерге тарту жұмыстары жүргізілуде. Шымкент қаласында 9 қосымша білім беру мекемесі бар. Онда 20 061 оқушы түрлі үйірмелер мен секцияларға қатысады.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарындағы жалпы 214 506 оқушының 97 752-сі (45,6%) қосымша біліммен қамтылған.

Осы жылы қосымша білім беру мекемелерінің үлесін арттыру және материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында «Балалар эстетикалық



саз мектебінің» ғимараты күрделі жөндеуден өткізілді. Ал, әкімшілік-іскерлік орталығында мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында салынып жатқан 150 орындық Өнер мектебі мен Бекет батыр көшесіндегі Өнер мектебінің құрылысы жыл соңында пайдалануға беріледі. Шымкенттік жеткіншектерге қосымша білім алуға таңдау көп. Олар спорт түрлерінен бөлек сүйікті пәндеріне, өмірлік қызығушылығына байланысты білім-танымдарын кеңейту үшін қосымша білім алу арқылы өздерін жан-жақты азамат болуға тәрбиелейді. Біреулері экология, табиғатқа қызықса, енді бірі өнердің түрлеріне құмартады, үшіншілері электронды техникаға қызығады. Осылайша жас ұрпақ жалпы білім алумен қатар өздерінің қызығушылығына қарай дүниетанымын кеңейтуге, ең бастысы бос сенделмей, уақытын тиімді пайдаланып салауатты өмір сүруге бейімделуде. Үшінші мегаполис басшылығы мен тиісті басқармалары қаланың кішкентай азаматтарын отаншыл, білімді де білікті, тәртіпті де салауатты етіп өсіру үшін алдағы уақытта да нақты жоспарлар мен бағдарламаларға сай жұмысты жалғастыра бермек.

Аман СЕЙДАХМЕТҰЛЫ

# СЫБАЙЛАСҚАН ЖЕМҚОРЛЫҚ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУЫЗДЫҚ

**Асхат Жұмағалиұлы ЖҰМАҒАЛИ, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті бастығы:**

«Еліміз сыбайлас жемқорлықтан арылмай, ілгерілеуіміз, қарқынды дамуымыз көптеген кедергілерге тап болары сөзсіз. Сондықтан біз мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, кешенді шараларды іске асырып келеміз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған стратегияның басты бағыты – превенция, яғни, жемқорлықтың алдын алу. Осы орайда, департамент жыл басынан бері көптеген алдын алу іс-шарасын өткізді. Оның жартысынан көбі онлайн форматында ұйымдастырылды. «Antikog Live» және «Adal Komek» жобалары іске қосылды. Онда мемлекеттік органдар қызметіндегі қоғамның рөлі туралы мәселелер талқыланып, мегаполис тұрғындарына құқықтық кеңестер беріліп келеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат көрсетіледі. Сонымен қатар, біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысымызды жалғастырып келеміз. Өзіңіз басқаратын Арнайы мониторингтік топ туралы айтсам, ол жүргізіп келген қоғамдық бақылау пандемияның бастапқы кезінде азық-түлік бағаларының шарықтауына, бетперде мен антисептиктердің таптырмас тауарға айналуына тосқауыл болды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және оған қарсы іс-қимыл бағытында басталған ауқымды іс-әрекеттер – карантин жағдайында жалғасып, аты жаман індеттен қорғану шараларына, індеттің алдын алу және кала жұртшылығын сақтандыру мәселелеріне ұласты.

**Мұратжан Омарбекұлы ӘКІШЕВ, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті жанындағы Арнайы мониторингтік топ жетекшісінің орынбасары:**

«Арнайы мониторингтік топ – бұрын-соңды елімізде баламасы болмаған қоғамдық негізде жұмыс атқаратын ерекше құрылым. Мониторингтік топ – Агенттіктің қазіргі төрағасы Алик Жатқамбайұлы Шпекбаевтың ұсынысымен және тікелей қолдауымен дүниеге келген жаңаша үлгідегі ұйым. Оның республикалық және өңірлік құрылымдары бар. Арнайы мониторингтік топтың іс-әрекеті мен атқаратын жұмысы арнайы бақылауды, бекітілген Ереженің баптарын талдап отырудың қажеті жоқ шығар. Бірақ, бір нәрсеге назар аударғым келіп отыр. Арнайы мониторингтік топ – жазалаушы, тергеуші, шара қолданушы орган емес. Бұл – еліміздің түрлі саласына қоғамдық бақылау жүргізетін ұйым. Негізгі бағытымыз – сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін зерттеп, мүмкіндігінше оларды анықтау, тұрмыстық

қоғамның жегі құртына айналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл еліміздің үшінші мегаполисінде қарқын ала бастады. Қаланың дамуына, өскелең ұрпақтың өсіп-өркендеуіне, қоғамымыздың ілгері жылжуына едәуір кедергі келтіріп жүрген бұл дерттің асқынғандығы сонша – әр қызметтің, әр лауазымға орналасудың «құнын» бүгінде бесіктегі балаға дейін айтып отыратын жағдайға жеттік. «Мәселе шешілмесе» – оның «көнеден келе жатқан жолы», «нақты бағасы» бар. Қала тұрғындарының санасында қатып қалған осынау жаман «үрдісті» жайратып, ашық, таза, әділ қоғамға жол ашатын мезгіл жетті. Шымкенттік азаматтардың, лауазым иелерінің: «Мен сыбайлас жемқорлыққа үзілді-кесілді қарсымын!» деген ұстанымдары Қазақстанда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиямен үндесіп, көпшілік көңілінен шығуда...

жемқорлықтың алдын алу. Қазіргі таңда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласындағы департаментінің бастығы Асхат Жұмағали мен оның бірінші орынбасары Талғар Серікбаев үлкен сенім артып, Арнайы мониторингтік топ жетекшісінің орынбасары жауапкершілігін мойныма артып жіберді – мен қарсы болған жоқпын. Өйткені, жемқорлыққа қарсы қасқая тұруға жігер де, тәжірибе де, ынта да жетеді».

**Бақытжан Жолдасбекұлы ПОЗИЛОВ, Шымкент қалалық Денсаулық сақтау басқармасы басшысы:**

«Ауруды асқындырып алып, оны емдеуге бар күш-жігерді жұмсап, әбігер болғаннан гөрі – аурудың алдын алған көп тиімді. Сол себепті сыбайлас жемқорлық әбден тамырлап болған соң онымен күреске кіріскеннен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмаған дұрыс. Шымқаланың медицина саласында бұндай келенсіздіктердің жолына тосқауыл қоюды қолға алып отырғанымызды қуана хабарлағым келеді. Жалпы «ақ желеңді абзал жандардың» сыбайлас жемқорлықтан таза болғанын қалаймын».

**Бұхарбай Рысқұлұлы ПАРМАНОВ, Шымкент қаласы Абай ауданының әкімі:**

«Сыбайлас жемқорлық – бұл әлеуметтік жауыздық! Біріншіден, мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді. Екіншіден, мемлекеттік биліктің беделіне де едәуір залалы бар. Үшіншіден, қоғам мен мемлекет билігінің өкілеттіліктерін моральдік түрде құлдылатады, құлатады. Елдегі сыбайлас жемқорлықтың өріс алу дәрежесі экономикалық даму деңгейіне тікелей байланысты.

Мемлекеттің экономикалық және саяси дамуына кері әсер



тигізетіндіктен сыбайлас жемқорлықтан алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы қабылданды. Осы стратегия іске асып жатса, қоғамымыз бұл дерттен айығады деген сенім мол. Бұл қылмыстың алдын алу үшін, жастармен кездесулер өткізіп, оларға жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шараларды жетілдіру мақсатында студенттер арасында заңдылық пен жемқорлыққа қарсы тәртіп орнатып, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білету тәрбиелеуден бастауымыз қажет.

Жастардың алған білімдері оларды өмірде туындаған кез-келген жемқорлық атаулымен кездестірмейтіндігіне сенгіміз келеді».

**Ғабит Патшаханұлы МӘУЛЕНҚҰЛОВ, Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының әкімі:**

«Сыбайлас жемқорлықпен күресу – Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл агенттігінің ғана міндеті емес, әрбір азаматтың міндеті. Отаным, Елім дейтін нағыз азаматтардың қатары азайып, тәрбиесі мен жауапкершілігі төмен адамдардың көбейіп кетуінен болуы мүмкін. Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы, мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілеттілік берілген адамдарға және оларға теңестірілген адамдарға қатысты қылмыстар мен қасақана заңды бұзып-бұрмалап, өз пайдасы мен мүддесін көздеген кез-келген әрекет сыбайлас жемқорлық болып табылады.

Өмірімде ешкімге пара беріп немесе біреуден алып көрмедім. Себебі, «әке көрген оқ жонар» дейтін қазақпыз, әкем менің әрдайым адалдыққа, «атаңның емес, адамның баласы бол» деп тәрбиелеген. Сондықтан, өз өмірлік қағидам мен алған тәрбие-білімімнің арқасында менің ондай сатқындық пен ерсыздыққа баруым мүмкін емес. Дамыған елдер қатарындағы сыбайлас жемқорлықпен күресу тәсілдері сан алуан. Қай елдің тәжірибесі екенін білмеймін бірақ, коррупциялық әрекеті үшін – жұмыстан босап, барлық зейнетақы жинақтарынан айырылып, 4 буын (баласы, немересі, шөбересі, шөпшек) басшылық лауазымға орналасу құқығынан міндетті түрде айырылады екен».

**Ғалымжан Молдабайұлы ИЛЬЯСОВ, Шымкент қаласы Еңбекші ауданының әкімі:**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Еңбекші ауданы әкімі аппаратында жыл сайын іс-шаралар жоспары бекітіліп, сыбайлас жемқорлыққа қатысты әрекеттерді болдырмау мен алдын алу мақсатында, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы департаменті, аудандық

прокуратура, ішкі істер бөлімі өкілдерін шақыртып отырып, аудан әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілері арасында жәнә аудан аумағындағы бірнеше мемлекеттік сақтау мекемелерінде кәсіпкерлер мен тұрғындар арасында семинар-кеңестер, дөңгелек үстелдер, құқықтық сабақтар тұрақты өткізіліп келеді.

Сонымен қатар, Заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар аудан әкімі аппараты қызметшілері назарына дер кезінде жеткізіліп, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне байланысты заңмен көзделген жауапкершіліктер туралы тұрақты ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады.

Аудан әкімі аппаратының ғимаратында біршаға көрінетіндей етіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жадынамалар ілінген, ғимараттың бірінші қабатында тұрғындардың өтініштерін қабылдауға арналған «ашық әкімдік» кабинеті жұмыс жасайды».

**Ғалымжан Ордабекұлы ЗИЯБЕКОВ, Шымкент қаласының тұрғыны:**

«Жемқорлық – аса ауыр дерт.

Бұл дертпен «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», бүкіл ел болып күреспесек, әсте болмас. Азаматтарымыз белсенді түрде бұл іске араласпай, заманауи демократиялық құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Сол үшін біз бәріміз бірігіп, ынтымақтаса, қоғамдағы жемқорлықпен күреске атсалысуымыз керек. Жемқорлықсыз жаңа өмір бастайтын мезгіл жетті. Ұрпақ үшін, болашақ үшін, құқық үстемдігі үшін Ұлы Дала елінде жемқорлыққа жол жоқ екенін дәлелдейік!»

**Балтабек Исақұлы ТҮЙЕТАЙ, Шымкент қаласының тұрғыны:**

«Біз жаңа қоғамға өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал, шешімі күрделі мәселелер бар, әрине. Ол – әлеуметтілік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық – өкінішке орай, бұл мәселе әлі толық шешімін таппай келеді. Жемқорлық әрекеттерінің бұлай белең алуы – біздің қоғамымыздағы жауапкершіліктің төменгі деңгейде қалыптасуы деп ойлаймын.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жоюда азаматтарымыздың құқықтық сауаттылығы мен жауапкершілігін арттыру керек. Әр адам өзінің азаматтық жауапкершілігін қалыптастырып, өз саласында адал қызмет атқаруы міндетті. Қоғамда азаматтарымыздың адалдығы мен жауаптылығын арттыру арқылы біз қуатты әрі жемқорлыққа жол бермейтін мемлекетті қалыптастыра аламыз».

**Әсет ӘССАНДИ, Шымкент қаласы бойынша Арнайы мониторингтік топ жетекшісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**



«АҚ ЖОЛ»:

# ЖОЛДАУДЫ ОРЫНДАМАҒАН КІНӘЛІЛЕРДІ ЖАЗАҒА ТАРТУ КЕРЕК

«Ақ жол» зардап шеккен шағын және орта бизнестің несиелерін 6% көлемінде тез арада қайта қаржыландыруды бастауды және Жолдаудың орындалмауына кінәлілерді жазаға тартуды талап етеді. Тиісті депутаттық сауалды бүгін Мәжіліс отырысында партия төрағасы Азат Перуашев жолдады.

**ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНЕ,  
ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІНЕ,  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН  
РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ  
АГЕНТТІГІНЕ**

Президент Қ.Тоқаев биылғы жылы 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында «Экономиканың зардап шеккен секторларында шағын және орта бизнестің барлық қолданыстағы несиелерінің жылдық пайыздық мөлшерлемелерін 6%-ға дейін мемлекеттік субсидияландыру қамтамасыз етуді» тапсырды.

Президент осы мақсаттарға қосымша 200 млрд теңге бөліне-тінін, ал субсидияландыру бағдарла-масының жалпы көлемі 800 млрд теңгеге дейін жеткізілетінін хабар-лады.

Бұл тапсырма кәсіпкерлік қауымдастық ортасында қызу талқыға түсті.

Биылғы жылдың пандемияға қарсы күреспен бірге, ауыр эконо-микалық дағдарысқа айналған жыл болғаны ешкімге құпия емес.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының деректері бойынша

пандемия мен оның салдарынан 1 млн-нан астам кәсіпкер, яғни тіркелген бизнес субъектілерінің 3/2 зардап шекті, төтенше жағдай мен локдаун шектеулеріне байла-нысты 430 мыңнан астам кәсіпкер өз қызметін тоқтатты, олардың ба-сым бөлігі әлі күнге дейін кәсіптерін қайта іске қоса алмауда.

Көлік қызметі, сауда және қызмет көрсету салалары, тамақ-тану, қонақ үй бизнесі, жылжы-майтын мүлік операциялары және басқалары үлкен шығындарға ұшырады.

Естеріңізге сала кетейік, «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы биылғы жылдың нау-рыз айынан бастап Үкіметке, Ұлттық Банкке және Қаржы нары-ғын реттеу және даму агенттігіне несиелерді жай ғана кейінге қал-дырудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ банктердің өз қалауы бойынша несиелерді шегіндіретіні туралы бірнеше рет сауал қойған болатын.

Біз несиелерді белгілі мерзімге ұзартқанымен, қалған кезеңде жи-нақталған төлемдерді өтеу қажет-тілігінің туындайтынын, бұл бизнесті жеңілдетудің орнына

олардың борыштық жүктемелерінің күрт өсуіне алып келетінін бірнеше рет ескерткен болатынбыз.

Биылғы жылдың 13 тамы-зында біз дағдарысқа қарсы ша-рала төмендетілген несиелік мөлшерлемелер бойынша қолда-ныстағы несиелерді бұрынғы борыштық жүктемелерді кө-шірмей қайта қаржыландыруды ұсындық.

Сондықтан біз Президенттің зардап шеккен шағын және орта бизнестің барлық несиелерін 6% -бен қайта қаржыландыру туралы тапсырмасын аса маңызды және тиімді шара ретінде қабылдадық.

Отандық кәсіпкерлер үшін бұрынғы пайыздық мөлшерле-мелердің өте жоғары екендігін және өндірістік айналымның апатты түрде төмендеуін ескерсек, қазіргі жағдайда мұндай іс-шараның өте өзекті мәселелердің бірі болғанын батыл айта аламыз.

Президент Жолдауы жария-ланған күннен бері екі ай өтті.

Алайда «Ақжол» демократиялық партиясына барлық өңірлердің кәсіпкерлерінен келіп түскен хабарларға сүйенсек, осы уақытқа дейін бірде-бір облыста немесе қалада мұндай қайта қаржыландыру басталған жоқ.

Көп жағдайда банктердің фи-лиалдары банктің бас кеңселерінен



тапсырмалардың жоқтығына сіл-теме жасап, кәсіпкерлердің тиісті өтініштерін қабылдаудан бас тар-тады.

Ал өтініштер қабылданған бан-ктерде олар жауапсыз жатуда.

«Даму» Қоры мен инсти-туттары туралы ештеңе айтқымыз да келмейді, өйткені олар бұл ше-шімдер бойынша банк жүйесіне тәуелді.

«Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы Мемлекет басшысы тапсырмаларының бюрократиялық әуре-сарсаңға салынып, мыңдаған кәсіпкерлер күйреу алдында тұрғанына, ал кәсіпкерлерді қолдауға бөлінген жүздеген миллиардтардың қозға-лыссыз қалуына жол берілмеуі

керек деп санайды. Осыған бай-ланысты, біз Үкіметтен, Ұлттық банктен және Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігінен пандемиядан зардап шеккен несиелер шағын және орта бизнестің несиелерін шұғыл түрде және кідіріссіз 6%-бен қайта қаржы-ландыру шараларын бастауды сұраймыз.

Біз, сондай-ақ, Президент Жол-дауының орындалмауына, оның тоқтатылуына жол берген лауа-зымды тұлғаларды анықтауды және оларды жауапкершілікке тартуды сұраймыз.

**Құрметпен,  
«Ақ жол» депутаттарының  
фракциясы**

## «АҚ ЖОЛ» КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУДЫ ТОҚТАТУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

«Ақ жол» кәсіпкерлерді қылмыстық қудалауды тоқтатуды талап етті. Тиісті депутаттық сауалды бүгін Мәжіліс отырысында фракция депутаты Кеңес Абсатиров жолдады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ Ғ.Д. НҮРДӘУЛЕТОВКЕ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРІ Е.К. ЖАМАУБАЕВҚА  
ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ**

**Құрметті Ғизат Дәуренбекұлы!  
Құрметті Ерулан Кенжебекұлы!**

«Ақ жол» демократиялық партиясының атына кәсіпкерлерден бизнес нысандарын қолданыстағы заң нормаларына және мемлекет басшысы жариялаған мораторийге қарамастан қылмыстық қудалау шараларына жаппай тартудың жаңа зиянды тәсілдерін қолдану туралы хабарлары келіп түсуде.

ҚР Салық қолдарына сәйкес (18, 19, 138-баптар) салықтық тексеруді тек салық органдары ғана жүзеге асырады.

Алайда, Қаржы министрлігінің Экономикалық тергеу департаменті (бұдан әрі-ЭД) осы талаптарды айналып өтіп, мемлекеттік сатып алу нысандарындағы нақты немесе «маманы» залалдарды анықтау мақсатында «маманы» (көбіне ЭД-нің немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі департаментінің қызметкерлері атынан) тартылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру бірінші тізіліміне (СДТБТ) осындай «мамандардың» анықтамалары тіркелгеннен кейін кәсіпкер және оның контрагенттеріне қатысты сотқа дейінгі тергеу тағайындалады. Қосымша құн салығы және корпоративтік табыс салығы бойынша тексерулер жүргізу туралы қаулы шығарылады. Іске салық органдарының қызметкерлері кірісіп, шағын және орта бизнес үшін салық бойынша бұзылған сома қоса есептеледі.

Яғни, істі қозғауға салықтық тексеру органы емес, керісінше, салықтық тексеру тағайындаған бөгде адамның анықтамасы немесе қорытындысы негіз болып табылады.

Бұл заң қағидаларын тікелей бұзушылық болып табылады. Өйткені ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 79, 80-баптарына сәйкес «сарапшыларды» немесе мамандарды тарту қылмыстық іс жүргізу барысында ғана мүмкін, бірақ істі қозғау үшін емес.

Сонымен бірге салық заңнамасында бюджеттік салық міндеттемелерін айқындау-дың салық органдарына қатысты емес ма-мандар тарапынан жасалған «анықтамалар», «қорытындылар» сияқты формалар жоқ.

Дегенмен жедел уәкілдің баянаты не-гізінде осындай анықтамалар СДТБТ-де тіркеледі. Осылайша ҚР қылмыстық-процессуалдық кодексінің 1 бөлімінің 179-бабы 1-тармағының тармақшалары бұзылады. Бұл қолданыстағы заң бұзушылық

мәліметтері болмағанда қылмыстық құқық бұзушылық бойынша тексеру, ревизия, аудит және т.б. актілерімен расталып, олардың міндетті болуында қылмыстық іс бұзушылық туралы баяннатты тіркеуге жол бермейді.

Қайталап айтамын, бізде уәкілетті ор-ганды тексеру керісінше, іс қозғалғаннан кейін ғана жүргізіледі, бұл Салық кодексі-нде, қылмыстық-процессуалдық кодексті де тікелей бұзады.

Мұндай тәсілдер жаппай орын алуда, одан Шымкент қаласының, Түркістан, Ақтөбе, Қарағанды және басқа да облыстардың кәсіпкерлері зардап шегуде.

Пандемия салдарынан 9 ай бойы бизнестің тоқтауы жағдайында экономикалық тергеу департаментінің мұндай теріс әрекеттері тікелей мағынада бизнеске қиындық туғызуда.

Бұл ретте, осы Департамент қозғаған істер бойынша салық органдары кәсіпкерден Салық кодексінің 264, 403-баптарында көз-делмеген құжаттарды (тауар-көлік жүк құ-жаттары, жол парақтары, жұмыс уақытын

есепке алу табельдері, ауысымдық баяннаттар және т.б.) талап етіп, жүздеген миллион теңге қоса есептеліп, кәсіпкерлерді күдіктілерге ай-налдырып, олардың көп жылдар бойғы еңбегі мен іскерлік беделіне нұқсан келтіреді.

Экономикалық департаменттің мұндай теріс әрекеттері қаржы министрлігінің апелляциялық инстанциясына немесе сотқа шағымдану нәтиже бермей тұр.

Осының бәрі мемлекеттің экономика ны қалпына келтіру және ШОБ-ты қолдау жөнінде жұмсалған күш-жігерге зиян кетіреді.

Осыған байланысты, «Ақ жол» ҚДП депутаттарының фракциясы:

1. Бас прокуратурадан кәсіпкерлерге қатысты бөгде мамандардың (оның ішінде ЭТД, СЖКА) қорытындыларына негізделген қылмыстық істерді қозғаудың заңдылығына тексеру жүргізуді және мұндай істерді тоқ-татуды сұрайды.

2. Қаржы министрлігінен:

- бизнесті тексеруге бөгде «мамандарды» қатыстыру қандай негізде жүзеге асырылаты-ны туралы ақпарат беруді;

- салықтық міндеттемелерді анықтау бой-ынша бөгде «мамандардың» қорытындылары негізінде кәсіпкерлерді қылмыстық қудалау шараларына тыйым салуды;

- қылмыстық істің қатысушылары болып табылатын ҚС және КТС бойынша тақы-рыптық тексерулерді тағайындау тәжірибесін тоқтатуды;

- мәмілелерді жарамсыз деп тану, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі сот актілері болмаған кезде салық органдары тарапынан қосымша есептеу тәжірибесін тоқтатуды сұраймыз.

**Құрметпен,  
«Ақ жол» депутаттарының  
фракциясы**



**Мұрат ӘЙТЕНОВ, Шымкент қаласының әкімі:**

# ШЫМКЕНТ - ШОҚТЫҒЫ

Еліміздің экономикасына, мәдениеті мен әдебиетіне, ұлтымыздың жан-жақты дамуына зор үлес қосып келе жатқан Оңтүстік өңірдің алар орны ерекше. Қазақстанның үшінші мегаполисі атанып, республикалық мәртебе алған Шымкент қаласы қарқынды дамып келеді. Бүгін біз шырайлы Шымкент шаһарының басшысы Мұрат Әйтеновтың «Қазақ үні» тілшісіне берген сұхбатын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

— Мұрат Дүйсенбекұлы, тарихи тереңде жатқан шырайлы Шымкент елімізде үшінші болып миллион тұрғынды қала атанып, республикалық мәртебеге ие болғалы екі жылдан аса уақыт өтіпті. Дербес қала ретінде оның дамуына ерекше бір мүмкіндіктер жасалды ма? Осы жылдарда қандай өзгерістер болды?

— Елбасы қашан да Шымкенттің дамуын ерекше бақылауда ұстап, 2018 жылы өз Жарлығымен республикалық маңызы бар қала мәртебесін берді. Бұл тарихи шешім қаламыздың орталық Азиядағы ірі мегаполистермен терезесін тең ұстауға жол ашты. Бұрыннан да шоқтығы биік шаһарға экономикалық дербестік берілді. Қала мәртебесінің өзгеруіне байланысты негізгі күш әкімшілік-ұйымдастыру жұмыстарына бағытталды. Осыған орай, қаланың басқару жүйесі жаңадан құрылып, мәслихаттың өкілеттілігі кеңейтілді. Қаламыздың 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясы, 2023 жылғы дейінгі Кешенді даму жоспары әзірленіп, бекітілді.

Екі жыл тарих үшін қас-қағым уақыт, дегенмен қалада көптеген өзгерістер болып, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер жақсаруда. Күннен күнге қала көркейіп, қала тұрғындары мен қонақтарына жайлы жағдайлар жасалып жатыр. Қала бюджеті республикалық мәртебе алғанша 133 млрд. теңге болса, 2020 жылы 319,5 млрд. теңгеге артты. Қазір қала бюджеті 452,5 млрд. теңгеден асып отыр, оның 47 пайызы әлеуметтік салаға бағытталған.

Шаһарда жаңалау және жаңғырту жұмысында жеделілеу бар. Қазір қаламызда әйгілі жана терминдерінің құрылысы мен «Цитадель» яғни, ескі қалашықты қайта құру жұмысы жүргізіліп жатыр. Өткен 2 жылда қарқынды өсім динамикасын анық байқауға болады. Атап айтқанда, 2 жылда өнеркәсіп өндірісі 1,3 есе, ауылшаруашылық өнім көлемі 1,2 есе, кәсіпкерлік субъектілер саны 15 мыңға, өндірілген өнім 1,5 есеге артты. Сонымен қатар, осы екі жыл ішінде қалаға 782 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды, 962,9 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. Орталықтандырылған ауыз сумен қамту көрсеткіші 93 пайыздан 94,7 пайызға, балабақшамен қамту көрсеткіші 94,3 пайыздан 100 пайызға жетті. Жұмыссыздық деңгейі 5,2 пайыздан 5,1 пайызға дейін төмендеп отыр. Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында 2 жылда 18 кәсіпорын ашылып, 1 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Қалада 2 индустриалды аймақтың ашылуы өндірісті қарқынды дамытуға оң ықпал етті. Сауда, көлік және логистика, қызмет көрсету, оның ішінде туризм салаларын дамыту қала экономикасында неғұрлым басымдыққа ие.

— Шымкент ежелден еліміздегі экономикалық орталықтардың бірі болып келгені белгілі. Қалада түсті



металлургия, машина жасау, химия, мұнай өңдеу, тамақ өнеркәсібі және өзге де салаларды дамытып отырған кәсіпорындардың қазіргі нарықтық кезеңдегі жағдайы қалай?

— Шымкент қаласы — ірі өнеркәсіптік орталық. Өңірдің өнеркәсіптік өндіріс саласының дамуы ҚР индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарына сәйкес жүзеге асырылып келеді. Қала өнеркәсібінің құрылымында тамақ, мұнай өңдеу, фармацевтика, металлургия, құрылыс материалдар өндірісі, машина жасау, химия салалары басым дамыған.

Өнеркәсіпте 70-тен астам ірі, орта кәсіпорындар мен 600-ден астам шағын кәсіпорындар жұмыс істейді. Оның ішінде қала экономикасына ауқымды үлес қосатын мұнай өңдейтін «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, дәрілік препараттар өндіретін «Химфарм» АҚ, өсімдік май шығаратын «Шымкентдік» АҚ, фармацевт өндіретін «Шымкентцемент» АҚ және «Стандарт Цемент» ЖШС, металлургия саласында «Shymkent Temir» ЖШС және «Амир-А» ЖШС, машина жасау саласында «Asia Траф» ЖШС, «Электрокомплект-1» ЖШС, «Karlskrona LC AB» ЖШС, жеңіл өнеркәсібінде «AZALA Textile» ЖШС, «Бал Текстиль» ЖШС және т.б. көптеген кәсіпорындарды атап өтуге болады. Бұл кәсіпорындардың өнімдері тек қала тұрғындарына ғана емес, сондай-ақ республика көлемінде кенінен танымал.

Сонымен қатар, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру, шағын және орта бизнесті дамыту үшін, кәсіпкерлерге қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қаламызда «Оңтүстік» және «Тас-сай» индустриалық аймақтары мен «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеп келеді. Кәсіпкерлерге инвестициялық жобаларын жүзеге асыруға индустриалық аймақтарда толық инфрақұрылымы салынған жерлер ұсынылса, арнайы экономикалық аймағында оған қоса салықтық жеңілдіктер қарастырылған.

Бүгінгі таңда индустриалық аймақтарда құны 131,9 млрд. теңгені құрайтын 7 мыңнан аса жұмыс орнын құрумен 126 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде 67,9 млрд. теңгеге 5 мыңнан

аса жұмыс орны ашылып, 82 жоба іске қосылған. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының инвестициялық қоржыны жалпы құны 100,519 млрд. теңге болатын 45 жобадан тұрады. Бұл жобалардың аясында 3982 жұмыс орындары ашылады. Оның ішінде жалпы инвестиция көлемі 30,48 млрд. теңге тұратын 17 жоба іске асырылып, 1473 жұмыс орындары құрылды. Сондай-ақ, инвесторларды тарту мақсатында қалада алаңы 306 гектар жаңа «Жұлдыз» индустриалық аймағы құрылып жатыр. Бірінші кезеңде 110 гектарды (2020-2021 жж.), екінші кезеңде 230 гектарды (2021-2022 жж.) игеру жоспарланған. Аталған индустриалық аймақта құрылыс материалын өндіру, металлургия, фармацевтика, жиһаз өндіру салаларындағы инвестициялық жобалар жүзеге асырылады. Қала аумағында 2020-2024 жылдар аралығында жүзеге асырылатын құны 1,3 трлн. теңгені құрайтын 113 инвестициялық жобалардың базасы жасакталды. Бұл өз кезегінде 9 500-ден аса жаңа жұмыс орындары ашылатын болады. Осы жылы құны 37,5 млрд. теңгені құрайтын 21 инвестициялық жоба іске асырылып, 945 жуық жаңа жұмыс орындары ашылады. Оның ішінде, шетелдік инвесторлардың қатысуымен 25,9 млрд. теңгеге 5 инвестициялық жоба іске қосылып, жаңа 500 жұмыс орындары құрылады.

Қазіргі уақытта қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыру және инвестициялар тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатта «Shymkent» ӘКК АҚ-ы және кәсіпкерлер палатасы жанынан құрылған «бір терезе» қағидаты арқылы қызмет көрсететін «Бизнеске арналған Үкімет — Shymkent Invest» орталығы жаңа форматта құрылды. Бұл фронт-кенсенің негізгі мақсаты — консультациялық және өзге де қызметтер көрсету, сондай-ақ, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және инвесторға қызмет көрсету барысында жолығатын шектеулер мен бөгеттерді жою, қызмет алуға қолжетімділікті арттырып, ашықтықты қамтамасыз ету болып табылады.

Қалада 427 га. аумақта «Шымкент Сити» қала құрылысы үлгісіндегі жаңа алаң құру бойынша

жұмыс жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда жеке инвесторлар есебінен 17,2 млрд. теңгеге 1036 пәтерлі 13 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Аталған 13 үйдің 10-ны келесі жылы пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, заманауи көпқабатты тұрғын үй, бизнес-орталықтар, әкімшілік ғимараттар, саябақ салуға «BiGroup», «Highvill Kazakhstan» компанияларымен 363,4 млрд. теңгеге жеке инвестиция салуға келісім жасалды. «Шымкент Сити» жобасы іске асырылған жағдайда қала экономикасына 1 млрд. АҚШ долл. инвестиция тартылып, 56 мың азамат баспанамен қамтылады.

— Оңтүстік өңір тұрғындарымыздың ең тығыз орналасқан ай-



мағы. Бұл жерде халықты жұмыспен қамтудың да маңызы зор. Осы бағытта қандай істер атқарылып жатыр?

— Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2020 жылы 25 531 адамды жұмыспен қамту шараларына қатыстыру жоспарланып, 2020 жылдың 1 қазанына 24 366 адам жұмыспен қамту шараларына қатысқан (95,4%). Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде 3 196 адамды оқуға жолдау жоспарланған. Оқу 2020 жылдың 1 қыркүйегінен басталды. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 2000 адам жоспарланған болатын.

Есдәулеттің қатысуымен өтті. Қаңтар-ақпан айларында «Отырар» ғылыми-әмбебап кітапханасында «Мәртебелі поэзия мінбері» бағытында ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулетпен, ақын-жазушылар Ханбибі Есенқарақызы, Қасымхан Бегманов, Хамза Көктәнді, Баян Тленшина, Қабылбек Төретай, Тұйғынбек Әлжігітпен кездесу кештері өтті. Наурыз айынан бері елімізде төтенше жағдай мен эпидемиологиялық ахуалға байланысты атқарылатын іс-шараларды нағыз онлайн форматқа көшті. «Кітаппен бірге — Мәңгілік елге» жобасы аясында ашылған kalamger-uko.kz, baigut-uko.kz сайттары жергілікті ақын мен жазушылардың «Рухани жаңғыру» сериясы бойынша және басқа да баспалардан жарық көрген кітаптармен, мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімімен, берілген марапаттары туралы ақпараттармен толықты.

Яғни, 32 білім беру ұйымына 21 мамандық бойынша 2 000 адам оқуға жолданып, жоспар 100% орындалды. Оның ішінде 1 010 адам 9 оқу орнына жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес, 990 адам 23 оқу орталығына оқу ваучері бойынша оқытылады.

Екінші бағыт — «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бойынша жалпы 6 819 адам қамтамасыз ету жоспарланды, бүгінде нақты 4 816 адам қамтылды. «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» бойынша 15 516 адамды жұмыспен қамту жоспарланып, бүгінге 16 354 адам жұмыспен қамтылып көрсеткіш 105% болып отыр.

— Ұлттық өнеріміз мен мәдениетімізді, әдебиетімізді дамытуда Оңтүстіктің қосар үлесі қомақты. Аймақтан көптеген атақты әдебиет пен мәдениет майталмандары шыққаны баршаға аян. Сол үрдіс қалай жалғасын тауып жатыр?

— Рас, Оңтүстіктен атақты әдебиет пен мәдениет майталмандары шыққаны баршаға белгілі, және сол үрдіс жалғасын тауып келеді. Қаладағы кітапханаларда тұрақты түрде тақырыптық іс-шаралар: шығармашылық кештер, кездесулер, еске дүңгелек, лекция-сабақтар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып отырады. Биыл қаңтар айында «Жеңіс» саябағындағы аллеяда әдеби-мәдени «Поэзия мінберінің» ашылуында ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР жазушылар Одағының төрағасы Ұлықбек

# БИК ШАҢАР

Ақын, «Парасат» орденінің иегері Ханбибі Есенқаракызының «Жібек», ақын, нәзіртанушы Сәрсенбек Сахаттың «Қырғауыл қонған жиде тал», жазушы-шежіреші Момбек Әбдікәдімұлының «Зобалан»; Захардин Қыстаубайұлының «Жүректің сөзі» кітаптары шымкенттік оқырмандарға таныстырылды. Қаламгер сайтының «Жастар беті» айдары «Рухани жаңғыру» сериясымен жарық көрген «Түркістан түлектері» кітабына енген жас ақын-жазушылармен толықты. Өңіріміздің ақын-жазушыларының кітаптарын насихаттау, жастарға тереңірек ақпарат беру мақсатында биылғы жылдың атаулы күндер тізбегінен орын алған «Мерейгер калагерлер» атты тақырыптық сөре республика мен өңірімізге белгілі қаламгерлердің кітаптарынан жасақталды. Халықаралық Алаш сыйлығының иегері Мархабат Байғұттың 75 жасқа толуына орай, ақын-сазгер Әкім Ысқақтың 60 жасқа, ақын Қабдылбек Төретайдың 70 жасқа, айтыскер ақын Әселхан Қалыбекованың 70 жасқа, ақын-сықақшы Көпен Әмірбектің 70 жасқа толуына орай және ақын, Физули әдеби сыйлығының иегері Құрал Көмеке арнап әдеби сағаттар, әдеби шолулар, бейнеқұттықтаулар, бейнепоэзия ұйымдастырылды.

Өндерімен әлемге танылған, сазгер Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 90 жыл толуына орай «Ән-ғұмыр», «Танығын келсе Шәмшіні, әнінде жатыр бар сыры» сазды – өнегелік сағат, онлайн-караоке ұйымдастырылды. «Бір өлке – бір

жергілікті ақын – жазушыларымыздың шығармаларын насихаттау, «Жүйріктер шықты желіге» сынды онлайн жобалары жұмыс жасауда. «Шымкент, туған қала, тұлғалар» атты жоба аясында елімізге белгілі айтыскер ақындар Біржан Байтуов, Қажымұқан Абзалов және ұстаз Абай Қалшабекпен онлайн сұхбаттар өткізілді.

«Жас ақындармен кездесу» онлайн поэзия сағаттары ақын Арқалық Әмалият, Арайлым Мұраталиева, Акбота Бейбітбек, Гүлшырын Жұмабай, Дәурен Айманбет, Сезім Мергенбай, Мұқағали Әбдішәріп, Бауыржан Ерман, Еламан Төлеутай, Салтанат Мадиярқызы, Мақпал Төребек сынды жас ақындар оқырмандармен онлайн сұхбат өткізілді. Поэзия сағаты барысында жас ақындар оқырмандардың сұрағына жауап беріп, өзінің өлеңдерін оқып, көпшілік қауымға жақсы көңіл күй сыйлады.

– Білімсіз қарға адым жасай алмайтын ғасырда өмір сүріп отырмыз. Осы бір маңызды саланың да жүрісі өнбей қойды десек ешкім қарсы болмас. Осы орайда, болашағымыз жастарға білім беруде кездесетін түйіндер қалай шешілуде?

– Шымкент қаласында жаңа оқу жылы 742 білім беру мекемелерімен 330 мыңға жуық білім алушылармен басталды, өткен жылмен салыстырғанда 12 мың балаға артты.

Қаладағы 25 мектеп күрделі жөндеуді қажет етеді. Ағымдағы жылы 6 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 2 мектепте жөндеу жұмыстары аяқталды.



кітап» облыстық акциясын жүзеге асыру мақсатында кітап көрмесі көркемделіп, ардагер жазушы Әдіхам Шілтерхановтың 3 томдық шығармалар жинағына, жазушы-шежіреші Момбек Әбдікәдімұлының «Зобалан» тарихи романына шолу жасалды, оқырмандарға мазмұнды онлайн-ақпарат берілді.

«Поэзия апталығы» айдарымен жас ақындар Абай Қалшабектің, Дәурен Айманбетовтың, Мұқағали Кенжетайұлының, Нұрғиса Төремұратовтың туындыларынан бейнепоэзия өтті. Республикалық М.Ғабдуллин атындағы сыйлықтың және республикалық «Серпер» жастар сыйлығының иегері, ақын Бақытжан Алдияр, «Алтын қалам» номинациясының, С.Ерубаев атындағы сыйлықтың иегері Дәурен Айманбетовпен онлайн-сұхбат жүргізілді.

«Туған жерге тағзым», «Фараби - online», «QR-мобильді кітапхана», «Поэзия сағаты» атты жас ақындардың поэзия сағаты,

2021 жылы күрделі жөндеуден өткізу үшін 5 мектепке ЖСҚ дайындалуда. Қалада 8 мемлекеттік балабақша ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу қажет. 2020 жылы 6 балабақшаға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 3 балабақшада жұмыстар аяқталды, 3 мекеменің аяқтау мерзімі – 31.11.2020 жылға дейін. 2021 жылы күрделі жөндеуден өткізу үшін 2 балабақшаға ЖСҚ дайындалуда. Ағымдағы жылы «Жол-көлік» колледжі жатақханасы, Үш тілде оқытатын мандрандырылған №1 мектеп-интернаты күрделі жөндеуден өтті. «№3 Балалар эстетикалық саз мектебі» ғимаратына күрделі жөндеу жүргізіліп, жұмыстар толық аяқталды. Күрделі жөндеуді қажет ететін білім беру ұйымдарының мәселесі 2023 жылы толық шешілетін болады. Білім нысандарының құрылысы бойынша 2020-2023- жылдарға арналған жоспарға сәйкес қалада 32 350 орынға арналған 47 мектеп

салы жоспарланған. Оның ішінде, бюджет есебінен 6 жаңа және 19 қосымша ғимарат құрылысын салу жоспарланған болса, ал жекеменшік инвесторлар есебінен 22 жаңа мектеп салынады.

Алдағы уақытта апатты мектептер санының артуын алдын алу мақсатында жыл сайын мектеп ғимараттарының техникалық жағдайына талдау жүргізіліп, нәтижесі бойынша күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Үш ауысымды білім беру мәселесін алдын алу бойынша оқушы орны тапшылығы туындау мүмкін болған шағынаудандар мен тұрғын алаптарға зерделеу жүргізіліп, білім нысандарының құрылысы бойынша жоспар жасалған. Үш ауысымды және апатты мектептер мәселесін толығымен шешу 2024 жылға жоспарлануда.

Қала мектептері 742 интерактивті тақта, 113 биология, 137 физика, 124 химия және 247 лингафонды кабинеттерімен жабдықталған және жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 75 мектеп робототехника құралдарымен, 19 мектеп арнайы робототехника лабораториялармен жабдықталған. Ағымдағы жылы қалада ҚР Үкіметінің тапсырмасына сәйкес «А.Құнанбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия мектебі» ашылды.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған ІТ лицей-интернаты» және кластері болып табылатын 5 «ІТ мектеп-лицейі» қайта құру арқылы ашылды. Осыған байланысты 12 STEM лабораториялары ашу жоспарлануда. Одан бөлек, «Оқушылар сарайы» базасында заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген «ІТ-орталығы» қосымша білім береді.

Кәмелетке толмағандардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қалада 9 қосымша білім беру мекемесінде 20061 оқушы түрлі үйірмелер мен секцияларға қамтылған. Сонымен қатар, қаладағы спорт мектептерінде 15650 бала түрлі қосымша спорт үйірмелеріне, 147 жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептерде түрлі үйірмелер ашылып, 62 071 оқушы түрлі үйірмелерге тартылды. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарындағы жалпы 214 506 оқушының 97 752-сі қосымша біліммен қамтылған. Қосымша білім беру мекемелерінің үлесін арттыру мақсатында 300 орындық

2 өнер мектебінің құрылысы жүргізілуде.

– Жасратыны жоқ, жемқорлық еліміздегі бүкіл саланы жайлап алды. Жылдар бойғы онымен күрес те нақты нәтиже беріп жатқаны шамалы. Бұл бағытта сіздер қандай ішаралар атқарып отырсыздар?

– Шымкент қаласының әкімдігінің қаулысымен «Шымкент қаласының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған өңірлік ішаралар жоспары» бекітілген. Сонымен бірге, Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес, Шымкент қаласы әкімдігінде Бағынысты қызметшілері сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін, басшылардың отставкасы және жауапкершілігі институтын іске асыру бойынша іс-әрекеттер алгоритмі бекітілді.

Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру деңгейін арттыру нәтижесінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың тікелей байланыстары азайды, көріністерін тудыратын жағдайларды азайтуға мүмкіндік берді. Сәйкесінше, Шымкент қаласы әкімдігімен көрсетілетін 160 мемлекеттік қызметтің 132-і электронды түрде жүргізіледі, қалған қағаз жүзінде көрсетілетін 28 мемлекеттік қызмет түрін ағымдағы жылдың соңына дейін электронды түрде ауыстыру бойынша тиісті мекемелерге тапсырма берілген. Сонымен қатар, Шымкент қаласы әкімдігінің ашықтығын қамтамасыз ету, тұрғындармен тиімді кері байланыс орнату мақсатында тұрақты жеке қабылдаулар жүргізіліп, фронт - офис жұмысы жүйеге келтірілген. Сол сияқты, ашықтық, тиімді кері байланыс, адамдардың қажеттілігіне жедел әрекет ету мақсатта Шымкентте ANTIKOR ORTALYGY сервистік орталығы ашылды. Сыбайлас жемқорлық талдау жасалып, оларды алдын алу және жою бойынша іс-шаралар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Шымкент – адалдық Алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалық кеңсесімен арнайы іс-шаралар мен бағдарламалар кешені жұмыс істейді. Бүгінгі күні,

халықпен тығыз байланыс орнату мақсатында, әкімдік ғимаратының бірінші қабатында «Ашық әкімдік» жұмысын ұйымдастырылуда. Қаладағы 137 мектеп, 11 емхана және 8 колледж ашық түрде жұмыс жасауға көшті. Қала әкімдігінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында сыбайлас жемқорлыққа неғұрлым бейім сала басшыларының есебі тұрақты тыңдалып, келеңсіз жағдайдың алдын алу қарастырылған.

– Коронавирус індеті көптеген қиындықтар алып келді. Мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек көрсету жеткіліксіз. Сондықтан оған қала әкімдігі, қоғамдық ұйымдар, жекелеген кәсіпкерлер қарапайым адамдарға қол ұшын беруде. Сіздер бұл мәселе қалай шешімін табуда?

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 4 сәуірдегі № ҚР ДСМ-28/2020 бұйрығына сәйкес, COVID-19 коронавирусын жұқтыру қаупі тобын ескере отырып, үстемеақы белгіленетін қызметкерлер тізіміне кірмеген медициналық ұйымдарда Шымкент қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы МҚКК қызметкерлеріне ақшалай сыйлықтарды берудің мақсатында 429 қызметкерге 21,5 млн. теңге сомасында 50 мың теңгеден әрқайсысына жеке есеп шотына аударылды.

«KUSTO GROUP PTELTD» өкілдігі есебінен қалалық жұқпалы аурулар ауруханасының асырауына алынған көп балалы және жалғызбасты қызметкерлерге – 1,4 млн. теңге, 28 қызметкерге – 50 мың теңгеден төленді. Сонымен қатар, «Халық» қайырымдылық қорының Қамқоршылар Кеңесі қорынан – 435 қызметкерге (қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы – 176 қызметкер, «Мейірім» оңалту орталығы – 3 қызметкер, ЖСШМ – 256 қызметкер) 40 мың теңгеден, барлығы 17,4 млн. теңге жеке шотына аударылды. Барлығы 40,30 млн. теңгеге ақшалай көмек берілді.

Қалада 4308 медицина маманына жалпы 5,1 млрд теңге көлемінде қосымша ақша төленді. Ал көп қажетті және пенсияға шалдыққан 394 қызметкерге әлеуметтік төлемдер тағайындалды. Қандай қиын кезеңдер болсын, қала әкімшілігі өз тұрғындарын жан-жақты қорғауға, қолдауға тиісті және соған қашан да әзір болуымыз керек, бұл біздің басты міндетіміз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Зейнолла АБАЖАН

Ия, осы фамилияны естіген кезде жаңа ғана у-шу болып жатқан мектептің айналасы тып-тыныш бола қалатын. Ал енді екінші қабатта орналасқан кабинетінің тұсынан өтіп бара жатқан мұғалім де, оқушы да демін ішіне тартып, аяғының ұшымен жүретін. Бұған қоса Орынша апай сабақ беріп жатқан кластағы тыныштықтан шыбынның ызыңы естілетін. Барлық оқушының көздері де, құлақтары да алдарында дәріс беріп тұрған ұстаздың назарында. Сабақтың тартымды да мазмұнды өтетіні соншалық, қырық бес минуттің қалай зу ете түскенін байқамай қаласың. Және де оқушылар арасында Орынша апайдың сабағына дайындалмай келетін «жүрекжұтқандар» мүлде аз болатын. Сабаққа дайындалмай келген оқушы ұрлық жасаған бала сияқты тыпыршып кететін. Және де ұстаздық шеберлігінің мықтылығы сонша, сабақты түсінбей отырған оқушыны көзінен танитын. Сонда да ол ешкімге дауыс көтеріп, айқайламайтын. Беделін түсіріп, ешкіммен ұрыспайтын да. Айтса шындықты бетіңе тура айта салатын. Кез-келген оқушының беталысын бейімінен тани білетін. Сонымен қатар, бала жүрегіне үңіліп, сөйлесе де алатын. Сондықтан да мысы басқан ұстаз алдында ешкім еркелей де, еркінсі де алмайтын. Сөйтіп, сол жылдардың өзінде-ақ Орынша Жолмұратқызы ұстаз бейнесі қандай болу керек деген образды қалыптастыра білді.

Өйткені, Тұрсын Мешітбайұлы өте қатал адам болатын және менің басқа да шалыс басқан қылықтарымды жіпке тізгендей етіп жинап қойыпты. Бағыма қарай, мектеп басшысының осы жолғы қаһары мені жанап қана өтті. Директордың кабинетінен тиісті «сыбағам» мен «соңғы ескертуімді» алып болған соң, басым салбыраған күйде Орынша апайдың кабинетіне қарай бет алдым. Мектептен не үшін шығарылмай қалғанымды сонда ғана түсіндім. Көрген бетте бас салып ұрса ма деп ойлаған едім. Жоқ, олай болмады. Бетіме тіктеп қарады да: «Есіңде болсын. Біріншіден, ешқашан біреуге арқа сүйеп өмір сүруге болмайтынын есіңнен шығарма. Екіншіден, ағанның атына кір келтіресің. Үшіншіден, байқаймын, сен бұл мектептің қадірін білмей жүрген сияқтысың. Талайлардың бұл мектепте оқымақ түгілі, есігінен сығалай алмай жүргенін ұмытпа, өз тағдырына балта шауып алма...» деді. Жүйсімен

Мемлекеттік мараптақа де ие болып, Қазақстан Журналистер одағының С.Бердіқұлов атындағы сыйлығының лауреатығына да қол жетті. Әрине, бұл дегеніңіз қанатымызды қатайтып, биікке самғатқан мектебіміздің және аяулы ұстаздарымыздың арқасы. Сонымен қатар, Орынша апай мен Кәкімжан аға болмағанда кім болатынымызды бір Алла тағала ғана білетін еді.

Міне, содан бері біздердің де мектепті бітіргенімізге қырық жылдан асыпты. Алайда, қаншалықты ер жеттік, есейдік десек те, мысы басқан ұстаз алдында өзімізді әлі күнге дейін оқушы сияқты сезініп, кібіртіктеп қалатын жайымыз бар. Тек қана ұстазымызға деген құрметіміздің белгісі ретінде қолымыздағы гүлімізді ұсынып, бетінен сүйеміз. Ұстаз бізді құшағына басады. Иә, кезінде көлеңкесін көргенде дір ете түсетін ұстаздың құшағына ену қандай бақыт. Реті келіп тұрғанда емін-жарқын

келді де, қазір Орынша апай да келіп қалатынын айтты. Сол кезде Әділ аға маған қарап: «Бекен,жұр, Орынша апайды алдынан тосып алайық» деді. Осы сөзді естігенде ерекше толқып кеттім. Адамның лауазымы қаншалықты жоғары болса, қарапайымдылығы мен мәдениеттілігі де соншалықты жарасып тұрады екен. Кейіннен Әділ ағамыздың Орынша апайға деген құрметінің талай мәрте куәсі де болдым. Қонаққа шақырса, әрдайым төріне жайғастырады. Ауруханаға түсіп қалса, халін білуге барады. Тіпті, сексен жасқа толған мерейтойын да өзі өткізіп берді. Бұндай шәкірт тәрбиелеген ұстазда арман бар ма.

Иә, Орынша Жолмұратқызын педагогтардың ішіндегі тұлға дәрежесіндегі деңгейге көтерілген ұстаз десек, артық айтқандық емес. Және де осы айтқанымыздың ар жағында тынымсыз еңбектің ғана емес, тектіліктің де тамыры тереңде жатқанын біреу білсе, біреу

# «ҚАРАБАЛИНА АПАЙ»

Жалпы, кез-келген жұмыр басты пенденің тағдырының дұрыс қалыптасуы ата-ана ғана емес, білім берген ұстазының біліктілігіне де байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Кезінде ұлы қолбасшы Александр Македонскийдің өзі: «Я своему отцу обязан тем, что живу, Аристотелю обязан тем, что живу достойно» деген екен. Міне, осы тұрғыдан келген кезде ол кісінің алдында өзінің де қарызым мен парызым жетерлік екенін тілге тиек ете кеткенді жөн санадым. Өйткені, қазіргі Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын (ол кезде қазақ экспериментальды мектеп-интернат деп аталатын) мектеп-интернатқа 7-ші класта келуіме тікелей ықпал еткен де осы Орынша апай еді. Себебі, ол кісінің жұбайы, белгілі жазушы-журналист, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімжан Қазыбаев аға менің туған нағашым, яғни шешемнің туған бауыры болатын.

Мектеп-интернатқа келген бетте маған спартан тәрбиесі сияқты қатал тәртіпке көндігу алғашында өте қиын болды. Себебі, ауылда тұз тағысы сияқты еркін жүріп, еркін тұрып үйреніп қалғандықтан ба, тәртібімнің нашарлығымен көзге жиі түсіп қала бердім. Тіпті, кей қылықтарым «Менің атым Қожа» фильмінің кейіпкерінен де асып кетті десем де болады. Біраз «гладаторлық» жекпе-жектерге қатысып, өз класымның атамандық болды. Сол кезде біздердің әрбір шалыс басқан қадамымыз назардан тыс қалмай, мектеп мұғалімдерінің құлағына жетіп жататынын қайдан білейік. Және де бұл мектепте кімнің кім арқылы келгені жөніндегі сөз де жерде жатпайды. Соны білетін біреулер «Қарабалина апайдың туысы ғой» деп те айттып қалады екен. Бұл сөздің ар жағында «тіреуі мықты» деген



түсініктің де жатқанын аңғару қиын емес, әрине. Бір күні мектеп-интернат директоры Тұрсын Мешітбайұлы марқұм Орынша апайға: «Кластағы балалардың бәрін бұзықтыққа ұйымдастырып жүретін Бекен екен. Ана жолы менің сабағыма қатыстырмай, балаларды футболға алып кетіпті» деп арыз айтыпты. Сол кезде Орынша апай: «Егерде сіздің сабағыңыздан балаларды алып кетуге шамасы келіп жүрсе, онда ол баланың бойында бір ұйымдастырушылық қабілет болып тұр ғой. Сондықтан да оны зерттеу керек» деді. Директордың Орынша апайға менің үстімнен арыз айтқанын естігенде қатты састым. «Құрыған жерім осы шығар, ағамның бетіне қалай қараймын?» деп ойлады. Әсіресе, сәйкемді сүйретіп, ауылға қайтып бара жатқан кейпімді көз алдыма елестеткенде кіретін тесік таппай қалдым. Сол жолы мен интернаттан шығарылуым керек еді.

айтылған осы сөз менің санамда мәңгілікке жатталып қалды десем де болады. Ұлы Абайдың «Ақырын жүріп, анық бас...» деп айтқанындай, сол күннен бастап әр қадамымды абайлап баса бастадым. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араластым. «Жауқазын» атты жас тілшілер үйірмесіне қатысып, газет-журналдарға мақалалар жазып тұрдым. Спорт саласынан самбомен және стендті мылтық атумен де айналыстым. Ақырында кластағы балаларға сөзім өтетін болғандықтан кластың старостасы болдым. Сөйтіп, менің түреске толы үлкен өмір жолындағы сәтті қадамым осылай басталды. Құдайға шүкір, қызмет барысында қатардағы инспектордан кеден бастығы, қатардағы лейтенанттан полковник дәрежесіне дейінгі жолдан өттім. Мектеп қабырғасында жүргеннен серік еткен қаламызды тастамай, кеден саласы бойынша екі оқу құралының және екі прозалық кітаптың авторы атандым.

әңгімелесіп қаламыз. Сол кезде ол да қуанып, өз еңбегінің жемісін көргеніне шаттанады. Біздерді қойшы, біздің мектепті бітірген талай министрлер мен генералдардың өзі ол кісінің алдын қиып өтуге дәрмендері жетпейді. Ол әрине, қорыққандықтан емес, ұстазға деген ерекше құрметтің белгісі екендігі түсінікті. Және де бұл көріністің ар жағында ұстаз берген сапалы білім мен саналы тәрбиенің жатқандығы да белгілі. Оған мысал ретінде мына жағдайды айта кеткенді жөн көрдім. Бірде өзіміз ата-баба Абай ескерткішінің салтанатты ашылуына жиналды. Сол шараға аталмыш мектептің түлегі, кезінде еліміздің ұлттық қауіпсіздік комитетін басқарған, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов ағамыз да келді. Өзіміз ерекше құрметтейтін және аға деп арқа тұтатын Әділ ағамызбен әңгімелесіп тұрған едім. Жанымызға мектеп директоры Мұхтар Ботабайұлы

білмеуі мүмкін. Сондықтан да бұл сөзіміздің дәлелі ретінде нақтылы мысалдарға жүгінейік. Жалпы, біздің кейіпкеріміздің өмір тарихы «Құрыш қалай шынықты» романының кейіпкерімен пара-пар десек, артық айтқандық емес. Себебі, жоқшылықты да, теперішті де, қуғын-сүргінді де, әділетсіздікті де бір адамдай-ақ көрді. Әрине, тар жол, тайғақ кешудің не екенін оны бастан өткізген адам ғана біледі. Ал енді жақсылық жағына келер болсақ, көргені де, оқығаны да, араласқан зиялы ортасы да мықты адамның бірі және бірегейі осы Орынша Жолмұратқызы. Өйткені, әкесі Ұзақбай Құлымбетов 22-30-шы жылдары еліміздің қоғамдық-саяси және экономикалық дамуына қомақты үлес қосқан белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ ССР Орталық атқару комитетінің төрағасы болған адам. 1937 жылғы репрессия құрбандарының қатарында «халық жауы» деген жалпамен ату жазасына кесілген. Ол кезде Орынша апай бар-жоғы бес-ақ жаста екен. Сол жылдары көрген қуғын-сүргін мен қиыншылығын ешбір жауына да тілемейді. Жалпы, Ұзақбай Құлымбетов жайлы терең білгісі келген адам «Ұзақбай Құлымбетов» атты материалдар мен құжаттардан тұратын кітапты («Қазақ энциклопедиясы», 2017) оқуларына болады. Ал енді әкеден ерте айырылса да, институтты бітіріп, тұрмысқа шыққандан кейін Орынша апайдың өмірі екінің екінің қамқоршы әкесі біртуар батырымыз Бауыржан Момышұлы болды. Алғаш рет келін болып, сол шаныраққа түсті. Бауыржан атамыз Орынша апайға келін емес, қызындай қарады.

Орынша апай өзінің «Баукеңнің үйінде» атты естелігінде былай деп жазыпты: «Баукеңнің біздің үйге келіп-кетуі, қамқорлығы біздер үшін үлкен бақыт еді. Бір күні Жәкеңнің





жігер құятын адамның бірі және бірегейі осы Орынша апай.

Иә, Орынша апайдың жан дүниесін, ұшан-теңіз білімін, күніесін мен көңілге түйгендерім білу үшін ол кісінің «Ұстаз жүгі қашанда ауыр», «Ұстаз бақыты», «Тағдыр», «Жүрек сыры» сияқты кітаптарын оқу керек. Бұған қоса «Ұстаз жүгі: ауыр, қиын, қызық» атты кітабы «Атамұра» баспасының өндірісінде жатыр. Жыл аяғына дейін оқырмандардың қолына тиіп қалуы да мүмкін. Және де кез-келген оқу орнының беделі ұстаздар қауымының мықтылығымен қалыптасатыны ақиқат. Сондықтан да Алматы қаласындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектептің беделін осы дәрежеге көтерген де Орынша Карабалина, Сара Масина, Нағима Бекмағамбетова, Венера Қуанышбаева, Аршагүл Пралиева, Гүлжаһан Жексембина, Жәдігер Аманжолов, Самат Абдразақов, Сапа Ысқақов, т.б. сияқты ұстаздар. Сонымен қатар, жуырда Президентіміз

ұстаздарды қудалаудан бастайды. Бұндай әділетсіздікке шыдамайтын Орынша апай жиналыстарда көзі шалған кемшіліктерді ешкімнің бет-жүзіне қарамай, тіке айтып та қалады. Бұл әрине, жаңа басшыға қалай ұнасын. Сонымен қатар, басқа мұғалімдер сияқты басшының алдында құрдай жорғаламайды. Мысының басып тұратыны соншалық, ешкімнің де дәті шыдап, бетіне қарсы келе алмайды. Сондықтан да беделі өзінен асып бара жатқандығын байқаған директор бұндай мұғалімнен тезірек құтылудың жолын ойластырады. Бірақ та мұғалім ретінде жеке басына да, ұстаздық шеберлігіне де қояр кінәраты жоқ. Содан бір күні өзінің былыққа белшеден батып отырғанына қарамастан, Орынша апайға зейнеткерлік демалысқа кетуі керектігі жөнінде ұсыныс айтады. Алайда, «Аязби – әлінді біл, құмырсқа – жолынды біл» деген сияқты, сол сәтте мектеп-интернат директоры өзіне-өзі ор қазып отырғанын білмеген еді. Небәрі айналдырған бір-ақ аптаның ішінде абыройы айрандай төгіліп, қызметтен қалай қуылып кеткенін байқамай қалады. Ақырында ол Орынша апайды таныды-ау деген беделді адамдарға телефон шалдырып, кешірім беруін өтінсе керек. Орынша апай болса өмірде әділетсіздіктерді көп көргендіктен, кешірім жасамайды. Кешірмеген себебі, өзінің жеке басының өкпесі емес, білім ордасының болашағын ойлағандықтан еді.

Қазіргі уақытта Орынша апайдың алдынан дәріс алу бақытына ие болған шәкірттерінің ішінде билік басында, саясатта, ғылымда, дипломатияда, құқық қорғау саласында, өнер мен шығармашылық жағында, т.б. жүргендер жетерлік. Атап айтсақ, бүгінгі күні Парламенттің Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, генерал-лейтенанттар Әділ Шаяхметов пен марқұм Мәлік Сапаров, генерал-майор Елемес Жанабергенов, оқу министрі Болған Талғатов, Мақашев, «Егемен Қазақстан» АҚ төрағасы Дархан Қыдырәлі, сол газеттің бас редакторы Айбын Шағалақов, Елбасының баспасөз хатшысы Айдос Үкібай, белгілі кәсіпкер Дулат Қастекеев, Нұржан Өкербиев, Қанат Құдайбергенов, өнер саласында жүрген марқұм Кеңес Дүйсекеев және Тамара Асар, Ақбота Керімбекова, Тоқтар Серіков, Нұрлан Албан, Бейбіт Қорған, т.б. Орынша апайдың шәкірттері. Осылайша, есімі республикаға танымал біздің мектептің бренді осындай мықты ұстаздармен және осындай талантты шәкірттерімен қалыптасты.

Қорыта айтқанда, ұстаз мәртебесі шәкіртінің биігімен шарықтаса, жақсы бағбанның жұмысы жайқалған бағымен және шындықты жемісімен бағамананы. Сондықтан да біз педагогиканың бағбаны атанған осындай ғажап адамның бақшасында бапталып өскенімізді әрдайым мақтан тұтамыз.

**Бекен НҰРАХМЕТОВ,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**одағы С.Бердіқұлов атындағы**  
**сыйлығының лауреаты,**  
**кеден қызметінің**  
**полковнигі**

# КЕЛЕ ЖАТЫР»...

*немесе Бауыржан Момышұлының бірінші келіні атанған белгілі қаламгер-ұстаз Орынша Карабалина-Қазыбаева туралы ойтолғау*

үйіне (Б.Момышұлының бәйбішесі) келе жатқанда жаңбырдың астында қалдық. Әсіресе, мен суға түсіп шыққан тауықтай сүмірейіп әрі үстімдегі киімім жұпыны болып көрінген болуы керек, Баукең: «Ана қытайдың макинтошы қанша тұрады?» деді Жәкең. «100 сом» деді Жәкең. Қалтасынан 100 сом алып маған берді. «Жаңбыр басылған соң макинтош алып ки» деді. Баукең алып берген макинтошы мен көлденеуіп бірнеше жыл кидім. Міне, осы көріністің өзінен-ақ біртуар батырымыздың Орынша апайға қандай дәрежеде қамқор болғанын аңғару қиын емес. Осы орайда, тарихта Бауыржан Момышұлының үйіне келін болып түскен ұшан-теңіз адам бар екенін біреу білсе, біреу білмейді. Ол туралы да айта кетсек, артық болмас. Біріншісі – Орынша апай, екіншісі – Шерхан Мұртаза ағамыздың жолдасы, марқұм Мәриям апай, үшіншісі – Бақытжан Момышұлы ағамыздың жолдасы, есімі елімізге белгілі жазушы және «қазақтың келіні» деген құрметті атаққа ие болған Зейнеп Ахметова апамыз. Зейнеп Ахметова апамыз әлі күнге дейін Орынша апайдың жолын кесіп өтпей, алдында басын сіңілілердей сыйласады. Бұған қоса, Рейхстагқа ту тіккен қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаев ағамыз да Орынша апайды жақсы сыйлағаны соншалық, туған келінідей алақанында ұстады. Бұлай болатын себебі, Орынша апайдың өмірлік серігі Кәкімжан Қазыбаев Бауыржан Момышұлының үйінде тұрып, батырымыздың «қара баласы» атанған. Ал өз баласы Бақытжан

Момышұлы «сары бала» деп атапты. Кәкімжан ағаның Рақымжан Қошқарбаевпен танысуына да себепкер болған Бауыржан Момышұлы батырымыз. Кейіннен Кәкімжан аға Рақымжан Қошқарбаев туралы «Кернеген кек» атты повесті жазып, батырдың беймәлім ерлігін бүкіл әлемге паш етті. Ол кісі белгілі жазушы-журналист қана емес, өмір жолында қатардағы журналистен Қазақстан Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы дәрежесіне дейін көтерілген бірінші қаламгер. Орынша апай Кәкімжан аға орталық

*Орынша Жолмұратқызын педагогтардың ішіндегі тұлға дәрежесіндегі деңгейі көтерілген ұстаз десек, артық айтқандық емес. Және де осы айтқанымыздың ар жағында тынымсыз еңбектің ғана емес, тектіліктің де тамыры тереңде жатқанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Сондықтан да бұл сөзіміздің дәлелі ретінде нақтылы мысалдарға жүгінейік. Жалпы, біздің кейіпкеріміздің өмір тарихы «Құрыш қалай шынықты» романының кейіпкерімен пара-пар десек, артық айтқандық емес. Себебі, жоқшылықты да, теперішті де, қуғын-сүргінді де, әділетсіздікті де бір адамдай-ақ көрді.*

комитетте бюро мүшесі әрі хатшылық қызметте жүрген кезінде Д.Қонаев, Б.Әшімов, Н.Назарбаев сияқты тұлғалармен дастархандас болып қана қоймай, Димаш Ахметұлы Қонаев пен Бәйкен Әшімұлының да батасын алған адам. Міне, Орынша апайдың кез-келген адамды мысы басып тұратын болмысының және оқығаны мен тоқығандығының, көпті көргендігінің, зиялылығының тамыры осындайда жатыр. Бір қарасаң, екіншісі бірінші маңдайына жазылмайтын қызықты да қияметті тағдыр, қайталанбас тарих. Сондықтан да кейіпкеріміздің тағдыры қызықтырып, қалам тербейтін адам болса, Орынша

Жолмұратқызының бастан кешкен өмірбаяны бір романның ауқымына сыймайды. Бәлкім, тектілік дегеннің теоремасы осындайdan шығатын шығар.


Өз басым Орынша апай сияқты ізденгіш, өте еңбекқор, мамандығына жан-тәнімен берілген және шәкірттерінің шексіз сүйіспеншілігіне бөленген адамды көрген емеспін. Себебі, Орынша апайдың педагогикалық еңбек өтілі 57 жыл. 77 жасқа келгенше еңбектен қол үзген жоқ. Ол дегенің материалдық жағынан мәжбүрліктен емес, мамандығына деген адалдығының және

еңбекқорлығының нәтижесі. Бүгінгі күні жасы 88-ге толса да, қолынан қаламы мен газет-журналы және кітабы түспейді. Орынша апайдың үйіне барған сайын жазу столында архивтерін ақтарып, бірденелерді жазып немесе оқып отырғанын көретін өзетерім есіме түсіп, бойымды лезде жинап аламын да, ішімнен: «Жасы тоқсанға тақап қалған Орынша апай шарашамай жүргенде, маған не көрінді?» деп қоямын өз-өзіме. Әлі күнге дейін газет беттерінде шығып жататын мақалаларын оқығанда ойының сергектігі мен қаламының ұшқырлығына таң қаламын. Сондай кездерде маған мотивация беріп, бойыма

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абай атындағы аталмыш мектептің оқу базасын нығайту керектігі жөнінде нақтылы тапсырмалар бергенін естігенде төбеміз көкке екі елі ғана жетпей қалды. Әуелі, әлі күнге дейін өзіміз қай мектепте оқығанымызды білген таныстарым: «А, а, Карабалина апай сабақ берген мектепті бітірген екенсің ғой» деп қызыға қарайды. Бұл айтқанымызға қоса, өмірден ерте кеткен талантты журналист Жетпісбай Дуанабай марқұм Орынша апай туралы жазған бір мақаласының тақырыбын «Қарашаңырақ Карабалинамен мақтанады» деп қойыпты. Шынымен де солай.

Жасыратыны жоқ, Орынша апай қатардағы мұғалім болса да, беделі мектеп директорынан жоғары тұратын. Сол мектепті басқарған директорлардың барлығы да алдын қиып өтпей, қатты сыйлайтын. Себебі, мектептің мәртебесі үшін оқу ордасында бұндай мұғалімдердің жүргені үлкен абырой екені түсінікті. Сонымен қатар, Орынша апай сияқты беделді ұстаздар жүрген кезде мектеп-интернатқа жөн-жосықсыз тексерулер де көп келмейтін. Алайда, тоқсаныншы жылдардың басында мектеп-интернатқа директор болып келген С.есімді беделін (белгілі сегізден бесмен беделін түсіріп, аты-жөнін айтпағанды жөн көрдім) келген бетте тамыр-таныстыққа және заңсыздықтарға жол беріп, ұжымда моральдық-психологиялық ахуал нашарлай бастайды. Және де ұлшы ретіндегі жіберген ең басқару кемшілігі – мектептің беделін көтеруге еңбектері сіңген, ұстаздық тәжірибелері мықты және ел алдында беделі жоғары

# МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН УНИВЕРСИТЕТТЕР ҚҰРУ КЕРЕК



**Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың Мемлекет басшысының Жолдауындағы тапсырмасына байланысты жоғары оқу орындарын тексеру жүріп жатқанын, нақты осыншама жоғары оқу орны жабылу керек деген меженің жоқ екенін, басты талап – сапалы білім екені, сол үдеден шыққандары қалады, қалғаны қысқарады дегенін ақпарат құралдары таратқан болатын. Енді, сол сапаны қалай қамтамасыз ету керектігі жөнінде сөз қозғамақпыз.**



**Каримбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,**  
ҚР ҰҒА академигі,  
филология ғылымдарының  
докторы, Қазақстан Республи-  
касы білім беру ісінің құрметті  
қызметкері

Жоғары білім сапасы еліміздің даму стратегиясындағы басымдық берілген бағыт екені белгілі. Адами капиталдың бәсекеге қабілеттігі әлемнің озық отыз елінің қатарына ену үшін рөлі ерекше. Бүгінгі күні еліміздің жоғары оқу орындарының бәрі сапалы мамандар даярлауда деп айтуға әлі ерте сияқты.

Университет түлектерінің жұмысқа орналасу пайызының төмендігі, сапалы білім бермейтін, тек диплом берумен шектелетін жоғары оқу орындарын қысқарту туралы Президенттің өзі тапсырма жүктегені – мемлекеттік маңызы мол мәселе екенін аңғартса керек. Ендеше, Елбасы көрсеткен көкейкесті мәселелерді жүзеге асыруда бірінші болып қолға алынуы тиіс іс-шаралар қатарында білім бағдарламаларының сапасы, оның жұмыс берушілерді қанағаттандыру болу керек.

## ■ ULTTYQ MÚDDE

# ТЕЛЕАРНАЛАР ТІЛІ ТОЛЫҚТАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ КӨШІРІЛСІН БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІ ҚАЗАҚША ШЫҒУЫ ТИІС!

Менің ұлтым қазақ болмаса да, жүрегім – қазақ. Қазақ тілін ана тілімдей құрметтеп, ойымды қазақша жеткізгенде талайы таң қалады. Әрине, мен осындай қасиетті елде дүниеге келдім. Қасиетті елдің қастерлі тілі бойыма дем алған ауамен, ішкен суымен бірге дарыды. Тіпті, осыған дейін қамқор болып, қасымнан табылған ізгі ниетті адамдар да басымнан сипап, жақсы тілектерін осы тілде жеткізген екен. Тағдырдың жазуымен Теміртау қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленіп, қазақтың тілімен қатар, көркем дәстүріне қанып өстім. Әр кез қасымнан табылатын достарымды да қазақ ортасынан таптым. Достарым қазақ болған соң үнемі сөздік қорымды байытып, білім көкжиегін кеңейтуге тырысамын. Осы жерде туып, осы елдің азаматы болғандықтан, тілді білмеу – мен үшін ардың ісі.

Мен жасын, алдымда – үлкен даңғыл жол! Елімізде біз үшін барлық мүмкіндіктер жасалған. «Болашақ – жастардың қолында!» деген сөзді үнемі жадымда ұстап, Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге тетігін тап та, бар қалан!» дегеніндей, еліміздің өркендеуі жолында мен де біліміммен, білігіммен бір кірпіші болуды көксеймін.

Ол үшін, әлбетте, қазақ тілін білу – міндетті! Замандастарым-

ды қазақ тілін жетік меңгеруге, ойын қазақ тілінде ашық әрі еркін жеткізуге насихаттаймын. Себебі – болашақ қазақтың тілінде екенін әлдеқашан сезінгенмін.

Қазақстандықтар әлемдік мінбелерден қазақша сөйлеп, еліміздің абыройын асқақтатқанда менің жұдырықтай жүрегім ерекше куанады. Себебі, мен де осы елдің бір бөлшегімін.

Қазақстан Республикасының Президенті қазақ тілі ұлтаралық

жөуден бастағаны жөн болар еді деп есептейміз. 50-60 мамандықтың ішіндегі талаптарға сай келмейтін 5-6 мамандық үшін, жалпы жоғары оқу орнының лицензиясын алып қою көпшіліктің көкейінен шықпай отырғаны да рас.

«Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасының орынбасары Олжас Ордабаевтың: «Білім бағдарламаларының 32%-ы ғана жұмыс берушілердің көңілінен шығады, 15,6 %-ы іске жарамсыз, қалған 52 %-ы күрделі өзгертуді қажет етеді. 29 университеттің білім бағдарламасының 80 %-ы өзекті емес... 45 %-нда қоғаммен қарым-қатынас орнату, командамен жұмыс істеу, өз ойын ашық жеткізу, сыни ойлау қабілеті сияқты еңбек дағдылары жоқ», – деген пікірі білім бағдарламаларына деген талапты күшейту керек дегенімізге дәлел екенін айтқанымыз абзал.

Президент тапсырмасына сәйкес, жоғары оқу орындары лигасын құру бойынша критерийлерді анықтағанда, институционалды емес мамандықтар бойынша айқындалуы керек. Біздің ойымызша, бір университеттің өзі 50-60 мамандық бойынша, әлемдік деңгейде сапалы білім беретін университеттер рейтингісіне енуі өте күрделі екенін түсінуіміз керек. Кеңестік кезеңде «Нархоз» институты десек – экономистер, «ҚазГУ» десек – заңгерлер мен журналистер, «ҚазПИ» десек – педагог мамандықтарының ұстаханасы екендігін айтпаса да, жұртшылық жоғары бағалайтын. Қазіргі кезде, қандай университет қайсы мамандыққа мамандандырылғанын айту өте қиын. Барлық университет жоғарыда айтқанымыздай – «әмбебап», яғни, мамандықтар сапасы емес, саны көрсеткішке айналып кеткен сияқты. Сондықтан, Білім және ғылым министрлігі Жоғары

білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры қызметін атқарған, кезінде, Қазақстандағы жоғары оқу орындарын оңтайландыру бағдарламасына сәйкес, министр Жансейіт Түймебаев басшы, біз қосшы болып 35 жоғары оқу орны мен 82 филиалдарды қысқартуға қол жеткізген маман ретінде, Президенттің жоғары оқу орындарын лигаға бөлу тапсырмасын елімізде мамандандырылған университеттер құрудан бастау керектігін айтқым келеді.

Мамандықтар бәсекелестігі негізінде рейтингісі ең жоғары оқу орны мамандандырылған университеттің көшін бастап, әлемдік деңгейдегі университеттермен бақ таластыра алатынына сеніміміз мол.

Рейтингі демекші, Білім және ғылым министрлігі айқындаған, «Атамекен» палатасының жүргізіп отырған рейтингі анықтау ісіне «Жоғары оқу орындары қауымдастығы» қоғамдық ұйымын да жұмылдырсақ, жұмыстың жемісті болары күмән тудырмасы анық. Өйткені, еліміздегі қайсы университеттің қандай деңгейде екенін бұл қауымдастық өте жақсы біледі. «Атамекен» жұмыс берушілердің пікірін жинақтап, талдау жүргізсе, ал «Жоғары оқу орындары қауымдастығы» біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындауда қосар үлесі мол болар еді деген ойдамыз.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындарын тексергенде, Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша

тәуелсіз агенттік пен Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттіктерінен жоғары баға алған университеттердің де жабылуы жағымсыз пікірлер қалыптастыруда. Ұлттық рейтинг ұйымдарының ұйғарымы Білім және ғылым министрлігі тарапынан есепке алынбай ма деген сұрақтар туындауда. Бұл да – ойластыратын мәселе.

Жоғары білім сапасын қалай көтереміз десек, шетелдік тәжірибеге мән беруіміз керек. Әлемдік практикада жоғары білім жөніндегі диплом, студенттің мамандық бойынша оқу бағдарламаларын меңгергенін меңзейді. Ал, мамандыққа сәйкес немесе сәйкес еместігін біліктілік комиссиясы айқындайды. Мысалы, бітіруші банк жүйесі мамандығын тәмамдайтын болса, әртүрлі банк қызметкерлері, банк жұмысын реттейтін агенттік өкілдері және жоғары оқу орындарының оқытушыларынан құралған біліктілік комиссиясы оның банк ісі маманы деген қорытынды шығарып, біліктілік сертификатын береді. Жұмыс берушілер дипломға емес, сертификаттағы біліктілік қорытындысына сәйкес қызметке қабылдайды.

Еліміздегі жоғары білім жүйесіне біліктілік сертификаттары енгізіліп, студенттерге мамандандырылған жоғары оқу орындарында жаңартылған, жұмыс берушілердің сұранысын қамтамасыз ететін оқу бағдарламалары негізінде білім беру талап етілсе, жоғары білім сапасы қамтамасыз етілері сөзсіз.



кинотеатрлардың және барлық теларналардағы балалар мультфильмдердің тілін қазақшаға көшіретін уақыт жетті. Қазір ата-аналардың жұмысбастылығына байланысты балаларды мультфильмдер тәрбиелейтін болды. Ешкім үйретпесе де балабақша бүлдіршіндері орыс, ағылшын тілдерін меңгеріп алады. Керісінше өз ана-тіліне келгенде сөйлей алмайды, себебі олардың қазақша таным-түсінігін қалыптастыратын орта жоқ, адам жоқ, ата-ана, ата-әже жоқ.

Біздің болашақ балаларымыздың тілі қазақша шығуы тиіс. Сондықтан ең алдымен теларналар тілін мемлекеттік тілге 100 пайыз көшіруіміз керек деп есептеймін.

**Елизавета СЕДЫШЕВА,**  
«Берегиня» орыс этномәдени  
орталығы» қоғамдық  
бірлестігінің мүшесі  
Қазақ үні

## Ұлмекен ЖАМАНҚҰЛҚЫЗЫ

Қазір ойлап отырсам, біз қоныс еткен жердің бәрі де көңілімізге ыстық, жанымызға жақын екен ғой. Жол түсіп, бара қалғанымда қай-қайсысы да көзіме оттай басылады. Осыдан түп-тура алпыс жыл бұрын, яғни, алпысыншы жылдардың басында Шаян ауданы Созаққа қосылып, Қанекең сол үлкен ауданға инспектор болып тағайындалып еді. Сөйтіп, біз Шолақорғанға көшіп барғанбыз. Ол жерде екі жыл тұрған соң, «Қаратау» совхозына партия комитетінің хатшысы болып сайланды. Шынымды айтсам, алғашқыда жердің түбіне көшіріп жібергендей көңілім құлазып, қамығып қалғаным рас-ты. Өйткені, аудан орталығынан алыста ғой. Қаратауға бару үшін кем дегенде екі жүз шақырым жол жүру керек. Ал облыс орталығы тіпті, бір қиырда қалды. Ол жаққа «кукурузник» деген кішкентай самолет ұшады екен. «Өзі бір сондай жайсыз. Бұрын ұшып үйренбеген кісінің жүрегі көтеріліп, басы айналып, әбден қиналады» деп жатады білетін жұрт.

Әйтсе де, Құдайға шүкір, Қаратау бізді жақсы қарсы алды. Көп ұзамай бауыр басып, сол жақта туып-өскендей болып кеттік. Совхоздың есебінен бізге үлкен үй салып берді. Әу бастан қонақжай, ақ көңіл Қанекеңнің тынысы ашылып, рақаттанып қалды. Бір жолы тіпті облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.В.Ливенцовтың өзі қона жатып, рақметін айтып: «Мынау үйлерің нағыз дворец қой!» деп мақтап кетті.

Бір қызығы, ол кезде Созақтағы ұнның түсі қарақошқыл болатын. Су тисе басы бірікпей, быламыққа айналып шыға келуші еді. Ол ұнның өзі де дүкенге жиі түсе бермейді. Әр үйге бір-бір қаптан үлестіріп береді.

Әне, сол ұнды сүтке илеп, жұмыртқа қосып нан пісіремін. Ет асқанда қамыр жаямын. Жап-жақсы болып піседі. Себебі, сүт ұнды ағартады, жұмыртқа қамырды біріктіреді. Ал оны білмесең, қонақ келгенде ұятқа қаласың.

Сөйтіп жүргенімізде Қанекеңді үкімет бір жылға облыс орталығына, партия мектебіне оқуға жіберді. Ол кісі бұған қуанбаса, ренжіген жоқ. Себебі, оқу-білім дегеніңіз Қанекеңнің бала күнінен көкейінде жүрген арман еді.

Баяғыда Төрткүлдегі мектептің жетінші класын бітірген соң, өзімен бірге оқыған балалармен бірге Бегжан деген кісінің қос өгіз жегілген арбасына мініп, оқуға түсеміз деп жолға шыққан екен.

Ол туралы Қанекеңнің өзі: — Алғашқы күні Көктөбеге, екінші күні Жиенқұмға, үшінші күні Қызылкөпірге, төртінші күні Жотаға, бесінші күні Шұбарға, алтыншы күні Айназкем аулына қонып, Шымкентке бір апта жүріп әрең жеттік. Жол-жөнекей жегеніміз қауын мен қарбыз болды. Аузы-басымыз шіре-шіре, бетіміз айғыз-айғыз. Шаң басып, екі көзіміз ғана жылтырап көрінеді, - деп күліп, балаларға бір қызық әңгіме шертіп отырушы еді.

Сол жолы Кәрім деген кластасы екеуі тау-кен ісі техникумына, ал басқалары ауылшаруашылығы техникумына құжаттарын тапсырып, күзде оқуға келетін болып шығады. Бірақ, олардың жолын «Соғыс» деген сұмдық кесіп өтіп, тып-тыныш жатқан дүние аяқ астынан астаң-кестең болады да кетеді.

Міне, содан кейін Қанекеңнің бір үлкен арманы — оқу-білім болып қала береді. Ол кісі соны жиі есіне алып: «Үстімдегі жалғыз көйлегіме дейін сатсам да балаларымның бәрін оқытамын» деп отырушы еді.

Қанекеңнің Шымкентке келіп, партия мектебінде оқуы біздің алдымыздан білім ордасының қақпасын ашқандай

болды. Үйелменді-сүйелменді кішкентай балаларымызды алып келіп, бір жыл бойы пәтерде тұрдық. Бұрын да қолы қалт етсе газет-журналға үңілетін Қанекең енді кітаптан бас алмайтын болды.

Арада бір жыл өткенде Қаратауға қайттық. Сонсоң екеуміз ойласып, ақылдасып, балаларды

қалада оқытқанды жөн көрдік. Сөйтіп, үлкен қызымыз Нұрайшаны — Шымкенттегі қыздар пансионатына, Байсейітті — Ленгирдегі мектеп-интернатқа, ал Жансейітті — Шымкенттегі атақты 12-ші мектеп-интернатқа апарып орналастырдық.

Балаларымыздың бәрі де жақсы оқыды. Олардың ішінде, әсіресе, Жансейіттімнің оқу-білімге деген құштарлығы ерекше болды. Кім білсін, әкесінің бала күнгі арманын Алла тағала еселеп қайтарайын деген шығар. Жансейіттім бастап, Жанаргүлім, Рәтгүлім, Әлиям мектепті алтын медальмен, институтты қызыл дипломмен бітіріп шықты. Басқа балаларым да «жақсы» деген баға алып жүрді. Аллаға шүкір деймін... Баланың өзін туғанмен, мінезін тумайсың. Олар әр түрлі болып өседі. Дегенмен, көп балалы үйде «Алдыңғы арба қайда жүрсе, кейінгі іні-қарындастарына дегендей бір бағыт болады екен. Жансейіттімнің кішкентайынан кітапқұмар, зерек болып өскені өзінен кейінгі іні-қарындастарына өте жақсы үлгі-өнеге болды.

Ал Байсейіттім ақ көңіл, әңгімешіл, көпшіл бала еді. Оның мінезі, күлкісі есіме түссе, жүрегім езіліп, жылап аламын. Енді қайтейін... Алла тағаланың оған берген өмірі қысқа болды ғой.

Бірде осы қарашанырақта құда күтіп жатырмыз. Әңгіменің тізгінін ә дегеннен өз қолына алған Байсейітті отырғысты қыздырып әкетті. Үй ішіндегілер қарқ-қарқ екіліп, мәз-мейрам болып отыр. Бәрі де Байсейіттің аузына қарайды. Қыза-қыза келе ол тіпті басқаларға сөз кезегін беруді ұмытқан секілді.

Соны сезген Жансейітті ретін тауып, ағасына қарап жымып:

— Бәке, сенің осы, есік алдына шығып, темекі тартып келетінің болушы еді ғой, — деп әзілдеді.

Інісінің ойын тез түсіне қойған Байсейітті:



# Ана жүрегіндегі арман

— А-а, иә, -деді әңгімесін кілт үзіп. — Расында да, менің шылым шегетін уақытым болып қалған екен. Айып етпеңіздер. Сыртқа шығып, түгіндетіп келейін. Сіздер емін-еркін, беймарал әңгімелесіп отыра беріңіздер.

Байсейітті шығып кеткен соң үй ішіндегі әңгіме біраз жалғасты да, көпке созылмай тоқтап қалды. Бағанағы екпін жоқ. Енді жұрт Байсейітті қайтадан іздей бастады. Жансейітті тағы да жымып, есік жаққа таяу отырған інілеріне қарап:

— Әй, ана Байсейітті шақырып келіндерші. Темекіні көп тартатын болып кеткен бе өзі, немене, — деп жұртты тағы бір күлдірді.

Сол кезде Байсейіттімнің есіктен кіріп келе жатып:

— Мен орталарында отырсам, далаға шығып келші дейсіндер. Далаға шығып кетсем, бәрі жабылып мені іздейсіндер, — дегені бар емес пе.

Құдай-ау... сол баламның бейнесі көз алдыма келіп, үні құлағымға жеткенде, өзімді өзім қоярға жер таба алмай кетемін ғой.

\*\*\*

Кой, сендерді мұнайта беріп қайтейін. Одан да бала күнінде Байсейіттіжанның басынан кешкен бір қызығын айтып берейін. Ол кезде Шымкенттегі институтта оқитын Нұрайшамның бойжетіп қалған шағы. Байсейітті те сол қалада. Екеуі демалыста бір-бірімен хабарласып, ауылға бірге келеді.

Сондай күндердің бірінде Байсейітті жатақханаға Нұрайшаны іздеп бармай ма. Әншейінде: «Оу, Нұрайшаның ақ көңіл інісі келді!» деп қуана қарсы алатын қыздар бұл жолы бір-біріне қарап, біртүрлі күмілжіп, бірдемені айта алмай тұрған сияқты көрінеді. Бөлмелерінде бір кішігірім той болып өткен бе, қалай?..

Содан, не керек, Байсейітті өзінің бірбеткей мінезіне басып: «Нұрайша қайда? Айтыңдар»

деп қасарысып тұрып алады ғой. Қыздардың бірі күмілжіп, көзін төмен салып:

— Түркістанға кетті, — дейді.  
— Онда не бар? Неге кетті?!  
— Ол... ол... тұрмысқа шықты ғой.

— Немене, алып қашып кетті ме?

— Жо-о, осы жерде бәріміз тойлап, «жолдарың болсын» деп шығарып салдық...

Байсейітті жалт бұрылып, бірден ауылға тартады. Төрткүлде автобустан түсіп, «Бөген» совхозына қарай баратын көлік күтіп тұрады.

Көп өтпей-ақ оның да сәті түсе кетіп, бір қызыл «Москвич» жарқ етіп шыға келеді. Қол көтерсе, тоқтай қалады.

— «Бөген» совхозына дейін ала кетесіздер ме? — дейді Байсейітті.

— Иә, отыр. Бізге де жол көрсететін адам керек болып келе жатыр еді, — дейді машинадағылар.

Сөйтіп, Байсейітті отырғызып алады да, былай шыға бере «Москвичтің» алдыңғы орындығында отырған кісі сөз бастайды.

— Қарағым, осы жақтың баласысың ба?

— Иә.

— Мыңбұлақ ауылдық кенесінің төрағасы болып істейтін Қансейітті деген кісіні танысың ба?

— Иә...

— Қандай кісі өзі?

Байсейітті: «Бұл кісі папамды неге сұрап отыр?» деп ойланып қалады.

Сөйтеді де:

— Оның қандай кісі екенін білмеймін, — дейді қырсығып.

Ал ана кісінің ойында ештеңе жоқ:

— Құдай қаласа, Қанекеңмен құда болайын деп келе жатырмыз, — деп әңгімесін жалғай береді. — Балалар бұрыннан бір-бірін ұнатып, сөз байласып жүреді екен. Нәсіп қып, бүгін қызды ауылға әкеп, оралмал салып жатқан жайымыз бар. Соны

айтайын деп, ауылдарыңа хабаршы боп келе жатырмыз, айналайын.

Байсейіттің көзі бақырайып, не айтарын білмей, үн-түнсіз қалады. «Ойпыр-ай, қайда жүрсем де осындай нәрселерге тап болам ылғи, — дейді басы қатып. — Бүгін өзім де папам мен мамама: «Нұрайша Түркістанға қашып кетіпті» деп қалай айтам деп келе жатсам... Мынау хабаршы қалғандай...»

Сөйтіп отырып, ауылға да жетеді.

— Ал, балам, сен енді бізге Қансейіттің үйін көрсетіп жібер, — дейді әлгі кісі.

— Әне, — дейді Байсейітті өзіміздің үйді нұсқап. — Осы көшемен тура жүре беріңіздер.

— Ой, рақмет, айналайын. Өзің қайдан түсуші ең?

— Түсетін несі бар? — дейді Байсейітті бұртып. — Ауылға да, үйге де келдік қой!

...Е-е, қарағым-ай, енді ойлап отырсам, ол да бір қызық заман екен-ау!

Байсейіттімнен айырылғаннан кейін бәрі-бәрі сағымға айналды. Кеудем толған шер мен сағыныш. Кей-кейде осылай қозғалып, теңіз сияқты толқып кетсе, көз жасымыз тоқтата алмай қаламын. Белгісіз бір алыс жолға — қайтпас сапарға аттанып кеткім келеді. Бірақ, қайда барам?.. Одан басқа балаларымды қалай тастап кетем?.. Әрқайсысының орны бөлек қой.

\*\*\*

Балаларымның бір-біріне деген ықыласын, ынтымағын еске алғанда, көңілімді жұбатып, қуанышқа бөлейтін жәйттер көп-ақ. Институтты бітіргенде Байсейіттім сона-а-ау Маңғыстауға жолдама алып, маң даланың төсінде он жылдай қызмет етіп қайтты емес пе. Қайын жұрты да сол жақтан бұйырды.

Бірде Қанекең екеуміз Әлия қызымызды алып Ақтауға қыдырып бардық. Құдаларымыз арқажарқа боп қуанып, аяғымызды жерге тигізбей күтіп жатыр. Сол кезде ауылға ата-анасын сағынып Жансейітті те келе қалыпты. Біздің Маңғыстауға кетіп қалғанымызды естіген соң, қой ауылда күтіп жатқанша, сол жаққа барып қалғайын деп, Түркістаннан пойызға отырады да, Ақтауға тартады.

Сөйтіп, мәре-сәре боп қонақта отырған үйімізге кіріп келді. Құда-құдағиға, жеңгесіне арнап алған сыйлықтары бар екен. Күлімсіреп, жақсы-жақсы тілегін айтып тапсырып жатыр.

Үйдегі кісілер:

— Әй, құда бала, төрге шық!

— Бәрекелді, ниетің жақсы екен. Ас піскенде келдің!

— Бізді мақтап жүреді екенсің!

— деп кеу-кеулеп, төрге шақыруда.

Сондағы бір риза болғаным, ол: «Мен алыстан келдім ғой. Маңғыстау Байсейіттің қызмет етіп, үйренісіп қалған жері» деп ағасынан жоғары отырған жоқ.

Байсейіттің төменгі жағына жайғаса беріп: «Біздің орнымыз осы ғой!» деп жұртты ду күлдірді.

Үй иелері риза болып:

— Е-е, жөн екен!

— Ата дәстүрімізді ұмытпағанына рақмет!

— Көп жаса! — десіп жатыр.

«Жандарым менің, — деймін мен де ішімнен қуанып. — Сендер қайда жүрсендер де елдің баласы екендеріңді ұмытпаңдар. Аталарымыз көрсеткен жолдан айнымандар!»

# РК: КОНФЛИКТ «АРАБСКОГО»

